




## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІМЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Дағыстанда болған лаңкестік әрекет салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Президент Владимир Путинге және Ресей халқына көңіл айтты.

Мемлекет басшысы бейбіт тұрғындардың өміріне жасалған кез келген қастандық пен зұлымдық әрекетті Қазақстан батыл айыптайтынын әрі оны халықаралық және өңірлік қауіпсіздікке төнген зор қауіп ретінде қарастыратынын жеткізді.

Тараптар терроризм мен экстремизмге қарсы күресте тығыз ықпалдастықты жалғастыру, сондай-ақ беделді халықаралық ұйымдар аясында күш-жігер біріктіру маңызды екеніне назар аударды.

Бұдан бөлек, президенттер Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі нығайту мәселелері жөнінде пікір алмасты, сондай-ақ Астанада өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитінің күн тәртібін талқылады.

## ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ОРТАҚ КЕДЕН ДӘЛІЗІ

Түркітәлдес елдер бір-біріне біртабан жақындай түсті. Қазір бауырлас мемлекеттер арасында ортақ кеден дәлізі құрылып жатыр. Осылайша, анағұрлым ауқымды одақтастық қатынастардың іргетасы қаланады. Түркия Қаржы министрлігінің бағалауынша, 2024 жылы түркі мемлекеттерінің экономикаларының жалпы көлемі 1,9 триллион долларға жетті. Бұл көрсеткіш жөнінен Түркі әлемі дүниежүзінде сегізінші орынға шығып отыр.



### АЛПАУЫТТАРМЕН ТҮРКІНІҢ ТЕРЕЗЕСІ ТЕҢЕСТІ

Дүниежүзілік банктің рейтингі бойынша экономикасының көлемі жөнінен жаһандық жетілікке АҚШ (20,94 трлн доллар), Қытай (14,72 трлн), Жапония (5,064 трлн), Германия (3,806 трлн), Ұлыбритания (2,708 трлн), Үндістан (2,623 трлн) және Франция (2,63 трлн доллар) кіреді. Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше республикалар экономикаларының жиынтықты ауқымы осыдан кейінгі, сегізінші тұғырды иеле-

нуге жетеді. Осының өзі біріксе, түркітәлдес елдердің қандай күш екенін паш етеді.

Соның өзінде бұл көрсеткіште тек Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан мен Қырғызстанның ғана экономикасы есепке алынды. Өйткені түркі әлеміне жалпы саны 30 шақты ел кіреді екен. Бірақ олардың кейбірі, мысалы, Түрікменстан мен Венгрия – түркітәлдес мемлекеттердің бірқатар ұйымына тек бақылаушы ретінде қатысады, қалған елдер – Сака-Якутия, Татарстан, Башқұрт-

стан, Алтай, Хакасия, Гагаузия және басқасы өзге мемлекеттердің құрамындағы республика, автономия мәртебесіне ғана ие. Иранда 23 миллионға дейін, Ресейде – 15 миллионға жуық, Қытайда – 13,5 млн, Германияда – 5 млн, Ирак пен Сирияда – 3 миллиондай, Тәжікстанда – 2 млн, сондай-ақ Молдова, Моңғолия, Грузия, Еуропа елдерінде және басқасында түркітәлдес ұлыстар шоғырлана тұрады.



## ӘЛІ ЖЕТКЕННІҢ ӘЛЕГІ

Жамбыл облысы Отар ауылында әскери борышын өтеп жүріп комаға түсіп, жансақтау бөліміне жатқызылған 19 жастағы Нұржігіт Әбділпат есін жиды. Сарбаздың әкесі Тимур Жаналин Instagram-дағы парақшасында қолдау білдірген азаматтарға алғыс білдіріп, әлі де ұзақ уақытты қамтитын емдеу-сауықтыру шарасы күтіп тұрғанын айтты.



Бұған дейін сарбаздың анасы ұлына әлімжеттік жасалғанын айтып, әлеуметтік желіге видео жариялаған болатын. Отан алдындағы борышын өтеп, ел тыныштығын қорғап, есейіп келеді деп әскерге жіберген ұлының күйігін тартып,

күніреніп қалған ата-ананың көмек сұрап, зар енірген дауысы Президентке дейін жетіп, елді елең еткізген еді. Ал Қорғаныс министрлігінің өкілдері сарбаздың сырқаттанғанын, әлімжеттіктің болған-болмағанына байланысты тергеу басталғанын

мәлімдеді. Дегенмен әскерде жүріп комаға түскен немесе әскерде жүріп өмірімен қоштасқан сарбаздардың алды да, арты да бір Нұржігіт емес. Қазір армияда көз жұмған, есінен танып қалған, қорланған, зорланған сарбаз туралы ақпарат толастамай тұр.

Әскери прокуратура өкілдері келтірген статистикаға сүйенсек, 2020 жылдан бері 270 әскери қызметкер қайтыс болған. Атап айтқанда, 2020 жылы – 78, 2021 жылы – 96, 2022 жылы – 85 және 2023 жылы 11 әскери қызметкер көз жұмған. Негізгі себептер: аурудан қайтыс болғандар – 36%, жол-көлік оқиғалары – 24% және суицид – 20%. Бас әскери прокурордың орынбасары Максат Қазиев соңғы төрт жылда әскерде 90-ға жуық жауынгер өзіне-өзі қол жұмсаған және 20 шақты суицид жасамақ болған оқиға тіркелгенін мәлімдеген-ді. Жалпы, статистика бойынша, жыл сайын орта есеппен 22-25 өрімдей жас әскерде жүріп өз-өзіне қол жұмсайды екен.

(Жалғасы 5-бетте)

## ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС: ДӘРІГЕ ДЕ БАҚЫЛАУ КЕРЕК



Нашақорлық – қоғамның өзегіне түскен жегікүрт. Бұл қоғамдық дерт қаншама отбасын қиын жағдайға душар етіп, шаңырағын шайқалтты. Есірткіге елтіген, кезекті доза іздеген талай адам қарызға батып, наша үшін заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Тығырыққа тіреліп, өмірде басқа қызық-құмар таппай, өзіне қол салғандар жетерлік. Сондықтан Президент биылғы Ұлттық құрылтайда ұлтымызға қауіп төндіретін, жастарды құрдымға құлататын синтетикалық есірткімен күресті күшейтуді тапсырды.

## ЖАЗДЫҢ КӨРКІ ЕНЕДІ ДЕМАЛЫСПЕН...



Жаз басталып, сабақтың аяқталуы балалардың оқуды уақытша тоқтатуы деген сөз емес. Биыл мектеп оқушыларын жазғы демалыспен қамтуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы орайда Астана қаласында 200 мыңнан астам баланы жазғы демалыспен қамтуға 97 мектеп жанындағы лагерь, 75 бейіндік және 20 этнолагерь жұмысын бастап кетті. Түрлі бағыттағы жазғы сауықтыру орындары балалардың шығармашылығын шыңдап, белгілі бір өнерге, кәсіпке ебін қалыптастырады.



Кувейтте семсерлесуден Азия біріншілігі басталды. Париж Олимпиадасы қарсаңындағы маңызды жарыста Қазақстан қоржыны алғашқы жүлдемен толықты. Шапагамен семсерлесуден Қазақстан командасының ең жас мүшесі Ерлік Сертай құрлық додасының қола жүлдегері атанды. Бұл – отандық семсерлесу спортындағы тарихи көрсеткіштердің бірі. Себебі бұған дейін қазақ балалары мұндай биікке шықпаған.

## Ерлік Ерлік

Ерлік Сертай – Париж Олимпиадасына жолдама алған төрт шапағашының бірі. Ол командаластары Эльмир Әлімжанов, Руслан Құрбанов және Вадим Шарлаимовпен бірге төртжылдық додасына лицензия жеңіп алды. Аталған төрттік әлем кубогі кезеңдерінің қорытындысы бойынша жазғы ойындарға қатысу мүмкіндігін иеленді.

Бүгінге дейін Ерліктің жүлделері команданың ортақ жеңісімен есептелетін. Ал Кувейтте өтіп жатқан Азия чемпионатында ол алғаш рет ересектер арасындағы ірі жеңісіне қол жеткізді. Алматылық спортшы құрлық біріншілігінде үздік үштікке енген.

«Бұған дейін ірі жарыстарда жеке кейін сында жүлде алып көргем жоқ. Сондықтан бұл медальдың құны алтынмен пара-пар. Анығын

айтар болсам, алған медалімен гөрі осы біріншілікте қалай өнер көрсеткенім өзіме ұнады. Сенімділік пайда болды. Семсерлесуде жарыстар бір күн бойы өтеді. Сондықтан бар күшіңді сарп етпей, үнемдеп жұмсау да аса маңызды. Жарыс өте жоғары деңгейде өткендіктен, психологиялық және эмоционалдық жағынан да оңай болмады», – дейді спортшы.





## ҮНДІСТАННЫҢ САЙЛАУ ЖӨНІНДЕГІ БАС КОМИССАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

**Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Үндістан Республикасының Сайлау жөніндегі бас комиссары Раджив Кумармен кездесті.**

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Раджив Кумарды Үндістанда жалпы сайлаудың өткізілуімен құттықтап, аталған мемлекет Қазақстанның Азиядағы маңызды серіктесі екенін айтты. Соңғы жылдарда ынтымақтастықтың барлық негізгі бағыттары бойынша маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді. Халықаралық ұйымдар аясында да парламентарлық қарым-қатынасты дамыту мәселесіне баса мән беріліп келеді.

«Қазақстан Үндістанмен экономикалық ынтымақтастықты, мәдениетаралық диалогті, туризмді және екі тарап та мүдделі басқа салаларды дамытуды, сондай-ақ ауқымды мәселелер бойынша өзара қарым-қатынасты одан әрі тереңдетуді көздейді. Біз парламентарлық байланыстарды да нығайтуға мүдделіміз. Осыған байланысты екі елдің Парламенттерінде жұмыс істейтін және өзара қарым-қатынасымыздың негізгі тетіктерінің бірі

саналатын Достық топтарының әлеуетін тиімді пайдаланудың маңызы зор», – деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде іске асырылып жатқан реформаларға, оның ішінде Қазақстан Конституциясына енгізілген маңызды түзетулерге де тоқталып өтті. Сенат Спикері заңнамалық өзгерістер билікті орталықсыздандыру, саяси жүйенің тежемілігі мен тепе-теңдігін күшейту және саяси партиялар арасындағы бәсекелестікті арттыру бағытында жүргізілгенін тілге тиек етті.

Өз кезегінде Раджив Кумар Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді, атап айтқанда, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған бастамаларды жоғары бағалады. Сондай-ақ екі ел арасындағы парламентарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

Сенат Төрағасы Үндістанның дін қайраткерлері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне белсенді қатысып келе жатқаны үшін алғыс білдіріп, Қазақстан рухани дипломатияны дамытуға баса мән беріп отырғанын айтты.

## ҮКІМЕТ МӘЖІЛІСКЕ ЕСЕП БЕРЕДІ



**Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.**

Депутаттарға өңірлерге шығу барысында азаматтардан келіп түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың қарау нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың ақпаратын тыңдау ұсынылады.

Бюро мүшелері сегізінші сайланған Парламенттің екінші сессиясында Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата қызметінің қорытындысын талқылады. Бұл туралы Қоғамдық палата төрағасы Айдос Сарым баяндама жасады.

Сонымен қатар бюро отырысында Мәжіліс депутаттарының биылғы 1 шілдіден басталатын сайлаушылармен кездесу үшін өңірлерге шығуы туралы мәселе қаралды.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов депутаттар халықпен кездесу барысында өңірлердегі жұмыстардың маңыздылығына назар аударып, парламентарлық сессияда қабылданған жаңа заңдар туралы ақпарат берудің қажеттілігіне тоқталды. Осыған байланысты Мәжіліс Спикері депутаттарға үкіметтік емес ұйымдар, сарапшылар, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарта отырып, сайлаушылармен ашық форматта кездесулер өткізіп, бұл туралы халықты әлеуметтік желілер мен жергілікті БАҚ арқылы белсенді түрде хабардар етуді тапсырды.

Өңірлерде депутаттар шалғай елді мекендердің тұрғындарымен кездесіп, еңбек ұжымдарында, өндірістік алаңдарда болып, әлеуметтік нысандарға барады, сондай-ақ азаматтарды қабылдайды.

## ТЕРРОРИЗМ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

**Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 27 маусым күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.**

Алдағы бейсенбіде сенаторлар «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» негізгі заңды, сондай-ақ оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына, вандализм көрінісіне және бөтеннің мүлкін бұлдіруге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне адам саудасына, вандализм көрінісіне және бөтеннің мүлкін бұлдіруге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарайды. Аталған заңдардың нормалары адам саудасына байланысты қылмыстардың жаңа санатын енгізуді және адамдарды жыныстық сипаттағы қызметтер көрсетуге, оның ішінде кәмелетке толмаған адамдарды тартқаны, сондай-ақ жеңгетайлықпен айналысқаны үшін жауапкершілікті арттыруды көздейді.

Сонымен қатар медициналық ұйымдардың және бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды тұлғалары жаңа туған нәрестені тастап кету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың келіп түсуі мен жеткізілуі туралы деректерді хабарламағаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізу қарастырылып отыр. Вандализмнің әрекетіне және бөтеннің мүлкін бұлдіруге қарсы іс-қимыл жөнінде де түзетулер енгізіледі.

Электромобильдерге қатысты мәселелерге арналған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да палатаның алдағы отырысында қаралады. Ал «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда электромобильдерді ұйым-



дастыру және пайдалану ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік шаралары анықталады. Оның ішінде электроқуаттау стансаларын пайдалану ережелері де бар.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды. Аталған заң аясында 5 кодекске және 36 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр. Бұл ретте Әлеуметтік кодекске халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл мәртебесін және оның құзыреттерін бекіту бөлігінде түзетулер енгізілді.

Депутаттар бастамашы болған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқықбұзушылықтардың жеделденген түр-

лерін қылмыстық сипаттан арылту және ҚР заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдардың маңызды міндеті шағын және орта бизнесті қолдау және кәсіпкерлерді қылмыстық қудалауға негізсіз тартуға қарсы әрекет ету екенін атап өткен жөн. Бұл заңдардың нормаларына сәйкес салық қылмыстары саласындағы істерді тіркеу үшін бірқатар ерекшелік қарастырылған.

Мемлекет басшысының халық арасында ойынға тәуелділікпен күресті күшейту жөніндегі тапсырмасын іске асыру үшін депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді

болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға бастамашы болды. Заң нормаларына сәйкес, құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуға шектелген адамдардың тізімін анықтау, ондай азаматтарды медициналық оналту тәртібін белгілеу сияқты бірқатар нақты шара ұсынылып отыр. Бұған ілеспе «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң ойын бизнесі саласын реттеудің нормативтік негізін жандандыруға жол ашады.

Сондай-ақ «Жылу энергетикасы туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар да Сенат отырысының

күн тәртібіне шығарылды. Жаңа нормалардың қатарында жылу энергетикасы саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту, бүкіл салаға мониторинг жүргізу, тариф белгілеу қағидаттарын айқындау және энергия тиімділігін арттыру сияқты басымдықтар бар. Одан бөлек, орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне экономикалық және техникалық орындылық жағдайында жаңартылатын энергия көздерін енгізуді дамытуға ынталандыру сияқты міндеттер де қарастырылған.

Алдағы бейсенбіде қаралатын келесі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мініс және мініс-жегін жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» заңның нормалары мемлекеттік қолдау көрсету арқылы жылқылардың отандық тұқымды сақтауға және олардың асылтұқымдық қасиеттерін жақсартуға бағытталған.

Палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер енгізу туралы» заңдар да қаралады. Олар саланы жетілдіру мәселелерін қамтиды.

Сонымен бірге бірқатар халықаралық келісімді ратификациялау туралы мәселелер де палата отырысының күн тәртібіне шығарылды. Олар – «Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы көрсетілетін қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісімді ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы цифрлық инклюзия және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхиты министрлік конференциясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңдар.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

# ӨНІМ АРТТЫРУ ЖОЛЫ – ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Мәжілісте палата вице-спикері Альберт Раудың төрағалығымен мал шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу және экспорттауды дамыту мәселелері туралы Үкімет сағаты өтті. Тақырып жөнінде Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров баяндама жасады.

Жиынды ашқан Альберт Рау Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты жолдауында агроөнеркәсіп кешеніндегі нақты өсімге қол жеткізу міндетін қойғанын атап өтті.

— Агроөнеркәсіп кешеніндегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға арттыра отырып, бастапқы өндірістен жоғары өңделген өнім шығаруға көшу қажет. Бұл жерде мал шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамыту — басым бағыттардың бірі. Ол тұрақты түрде көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдауға қарамастан, әлі де төмен деңгейде қалып отыр, — деді вице-спикер.

Оның айтуынша, бүгінде өндірілген өнімнің 80 пайызға жуығы шикізат күйінде сатылуға дайын өнімнің бәсекеге қабілеттілігі төмен. Мұны ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу мен ала жылжыту жүйесінің дамымай отырғанынан, өңдеуші кәсіпорындардың технологиялық артта қалуынан байқауға болады.

Өз кезегінде Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров 2023 жылдың қорытындысы бойынша тамақ өнімдерін өндіру көлемі 3,1 трлн теңгеге өсіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 1,5 пайызға артқанын айтты. Экспорт көлемі 2022 жылғы деңгейде сақталып, 5,4 млрд долларды құрады.

— Былтырғы қолайсыз климат жағдайларына қарамастан, сала өндіріс көлемінің артуы есебінен құдыраудың алды алды. Қайта өңделген өнімдердің экспорттағы үлесі 42,6 пайызға жетіп, 2,3 млрд долларды құрады. Экспортқа шығарылған өңделген мал шаруашылығы өнімдерінің көлемі 187 млн АҚШ доллары болды. Бұл — барлық өңделген өнім



экспорттың 8,2 пайызы. Дегенмен бұл үлесті арттырудың әлеуеті зор, — деді министр.

Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаев қосымша баяндамасында өңдеу және тамақ өнеркәсібінің үлесі жалпы көлемнің небәрі 6 пайызын құрайтынын мәлімдеді. Атап айтқанда, 2023 жылы сүт өңдеу үлесі — 33%, ет өңдеу — 41%, жүн өңдеу — 19%, ірі қара мал терісін өңдеу — 6% құрады. Сонымен қатар дайын өнім импорты өсіп келеді: тек ет пен сүт өнімдері бойынша қайта өңдеудің нашар жүргізілуі салдарынан біз жыл сайын 800 млн АҚШ долларын жоғалтып, олар шетелдік фермерлерді қаржыландыруға кетіп жатыр.

Комитет төрағасы бұл мәселелерді шешу жолдарын ұсынды. Оның айтуынша, ет өнеркәсібінде терең өңдеуді дамыту экспортқа бағытталуы керек.

— Экспортқа бағдарланған технологиялық дамыған ет комбинаттарының құрылысын бастау, ауыл шаруашылығы жануарларын экспорттауға қолданыстағы квоталарды қайта қарау ұсынылады. Ішкі нарықтағы өнімдердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін өнімді дельдасыз өткізу үшін фермерлерді кооперативтерге біріктіру жұмыстарын күшейту қажет, — деді С.Егізбаев.

Отырыс барысында депутаттар өзге де мәселелерге назар аударды. Айдарбек Қожаназаров ауыл

шаруашылығы өнімдерін өткізу мен экспорттауды дамытуға жан-жақты қолдау көрсетілмейтініне тоқталды. Ол үлгі ретінде көршілес Ресейді мысалға келтірді. Онда олар көлік шығындарын 50 пайызға дейін өтейді және қосымша құн салығын қайтару мерзімін 180 күннен 90 күнге дейін қысқартады. Сондай-ақ азық-түлік өнімдерін мемлекеттік сатып алу жүйесін жанартып, отандық тауарларды халыққа әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасына енгізуде. Ал Қазақстанда жергілікті қамту үлесі 53 пайыздан аспайды.

Анас Баққожаев «мал сою аландары» санатын алып тастап, әр ауылда заманауи мал сою пункттерін салуды ұсынды. Тәжірибе көрсеткендей, ауыл шаруашылығы жануарларының 95 пайызы ветеринариялық заң талаптарына сай келмейтін үй жағдайында сойылады.

«Евразия Милк» ЖШС бас директоры Андрей Гриценко, «Айдабыл ет комбинаты» ЖШС директоры Азамат Шалағамбетов, «Қайып ата» ЖШС бас директоры Сырым Ертаев, «Қазфелтек» ЖШС директоры Ерлан Жанабергенов те өз ұсыныстарын білдірді.

Сөз соңында Альберт Рау апта соңына дейін түскен ұсыныстар жинақталып, Үкіметке жіберілетінін айтты. Бұл ретте Серік Егізбаев түйткілі мәселелерді шешу тек Ауыл шаруашылығы министрлігіне ғана емес, басқа да мемлекеттік органдарға байланысты екенін атап өтті. Сондықтан депутаттар барлық салалық министрлікте айтылған ұсыныстарды ескере отырып, іс-шаралар жоспарын біріктіруге шақырды.

— Мемлекет басшысының жалпы ішкі өнімді екі есеге арттыру міндеті агроөнеркәсіп кешеніне тікелей қатысты. Егіс алқабын ұлғайта алмайтынмыз анық, тек озық технологиялар арқылы өнімді ғана арттыра аламыз. Бірақ біз өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу тереңдігін ұлғайтуымыз керек, — деп түйінделі Мәжілістің вице-спикері.

## ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫН ҚАДАҒАЛАДЫ

**«AMANAT» партиясының Төрағасы, Парламент Мәжілісінің Спикері Ерлан Қожанов партияның сайлауалды уәделерін орындауда аманаттық депутаттар әкімдіктермен өзара тиімді қарым-қатынас жасауға тиіс екенін айтқан болатын. Осы орайда мәслихат депутаттарының өкілеттілік аясы кең екенін назарға алған партия Төрағасы, мәслихаттар әкімдіктермен қатар, өңірлердегі өмір сапасына жауапты болып табылатынын атап көрсетті.**

Партияға үміт артқан сайлаушылардың мүддесін қорғау, депутаттық корпус өкілдері тұрғындармен жүздесіп, даму бағдарламаларының жергілікті аумақтарда орындалуын бақылаудан өткізеді. Осы мазмұндағы жүздесулер жүйрде Сайрам ауданында өтті. Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, партиялық фракцияның мүшесі Нұржан Жамалбеков пен партиялық бақылау комиссиясының мүшелері, аудандағы маңызды деген бірқатар нысанның құрылыс аландарында болып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысын және құрылыс барысында кездесіп жатқан түйткілі мәселелерді таразылады.



Партия өкілдері аудандың ауыл шаруашылығы саласында маңызды орны бар Қарасу-Ақбай ағын су каналын жөндеу бойынша атқарылған жұмыстарды арнайы барып көрді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының «Туран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының тапсырысы бойынша қолға алынған жөндеу жұмыстары, былтыр қазан айында басталған. Нысандағы құрылыс жұмыстары биыл жыл соңына толығымен аяқталуы керек деп белгіленген. Қазір осы арна арқылы егістік алқаптарға су жеткізілуде, вегетациялық кезеңнен өткен бойда, каналдағы өткелдерді жөндеу жұмыстары жалғасын табатын болады. Партия өкілдері құрылыс жұмыстарын қадағалау барысында, жергілікті тұрғындармен жүздесіп, олардың нысандағы құрылыс жұмыстары бойынша ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Айта кету керек, арнасын тазалау, жағалауларын бекіту жұмыстары қолға алынған Ақбай-Қарасу каналынан жүзден астам шаруа қожалықтарының егістік алқаптары су ішеді. Осы каналдан нәр алатын жердің көлемі 700 гектарға жуықтайды. Көп жыл бойы пайдаланылма болған арна-сының, уақыттың өтісімен су өткізу қабілеті төмендеген. Ескірген арнаның табанын тазалау, жағалауларын бекіту, су жоғалуының деңгейін төмендету және канал үстінен өтетін көпірлерді жөндеу жұмыстары қолға алынып, тұрғындар көтеріп жатқан басты мәселе оң шешімін табатын болады.

Партия өкілдері аялдаған келесі нысан — Қарасу ауылдық округіндегі спорт кешенінің құрылысы болды. Сайрам

аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің тапсырысы бойынша салынып жатқан бұл нысанның дайындығы қазір 100 пайыз болуға тиіс еді. Қабылданған құжаттар мен бекітілген жоспарларда құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі 2024 жылғы маусым айы деп көрсетілгенімен, мердігер ұйым — «НұрТехСервис» ЖШС атқаруға тиіс жұмыстар әлі де болса бір төбе екені белгілі болды. Атқарылған жұмыстардың сапасына байланысты сын-ескертпелер де көптеп айтылды. Партия өкілдері аудан әкімдігіне нысанның дайындығын қадағалауда, жұмыстың сапасын бағамдауда ширақ қимыл жүргізуі керек екенін еске салып,

айтылған сын-ескертпелердің орындалуын аманаттық өкілдер жіті бақылауда ұстайтынын білдірді. Манкент ауылдық округінде партия өкілдері 600 орындық Айнабулақ орта мектебінің құрылыс алаңында болып, білім беру ұйымының дайындығын қоғамдық бақылаудан өткізді. Құрылыс жұмыстары өндірістік кестеге сәйкес, мерзімдерінде атқарылып жатқанының куәсі болды. Құрылыс жүргізуге жауапты мердігер ұйым — «Строй Экспресс РК» ЖШС өкілдері қаржыландыруға қатысты ұсыныстарын білдірді. Бұл мәселені облыстық мәслихат депутаты Нұржан Жамалбеков өз бақылауына алатынын айтып, түйткіл болып отырған түйінді тарқатуға тиісті облыстық басқармаларға сұрау салатынын жеткізді.

Аудандағы білім беру ұйымдарының құрылыстарын қадағалау барысында партия өкілдері «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы бойынша Ақсу ауылында бой көтеріп жатқан 600 орындық мектептің құрылысымен де танысты. Мұнда атқарылып жатқан жұмыстар жіті бақылауда екенін көрді және құрылыс барысында кездесетін өзекті мәселелер жедел шешім тауып жатқанының куәсі болды.

Партияның Сайрам аудандық филиалы партиялық бақылау комиссиясының өкілдерімен бірлесіп осы және өзге де құрылыс аландарындағы ахуалды жүйелі бақылауда ұстайтын болады. Шешімін таппай жатқан немесе өзекті деп танылған мәселелер бойынша, партияның облыстық филиалын және облыстық мәслихаттағы партиялық фракция депутаттарын жедел хабарлар ету шешімі қабылданды.

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

**«AMANAT» партиясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы жанындағы экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері бойынша өңірлік кеңестің отырысы өтті.**

Жиынның күн тәртібінде «Өркен-КШТ» индустриалық аймағының құрылыс барысы туралы мәселе бойынша 15 мамырдағы «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының Саяси кеңесі бюросының қаулысының орындалуы барысы және Құрғашылыққа қарсы іс-қимыл шегірткемен күресу бойынша қабылданып жатқан шаралар бойынша тиісті басқармалардың ақпараттары тыңдалды.

«Бүгінгі отырыста көтерілген мәселелер бойынша нақты жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыру керек. Қоғамдық

кеңес тарапынан айтылған ұсыныстарды ескерсеңіздер. Тоқсан сайын бас қосып ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікке қатысты өзекті мәселелерді талқылаған отырыстардың нәтижелері болуы керек деп есептеймін», — деді қоғамдық кеңестің төрағасы Зоя Новолодская.

Сонымен қатар жыын барысында кеңес мүшелері көктемгі дала науқанының нәтижелері мен ауыл шаруашылығы өндіріштері үшін субсидиялаудың жаңа қағидаларына қатысты мәселелерді де талқылады.

## АУТИЗМ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА КЕЗЕКТЕ ТҮР

**Солтүстік Қазақстан облысындағы аутизм орталығында кезек мәселесі әлі де өзекті боп қалып тұр. 2023 жылдан бастап орталық екі ауысында жұмыс істей бастағанына қарамастан, 253 бала әлі де мамандандырылған психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж. Жалпы, өңірде 723 бала аутизммен ауырады.**

Инклюзивті қоғам құру мәселесі «AMANAT» партиясының СҚОФ жанындағы отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі өңірлік кеңестің отырысында қаралды. Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Динара Анафинаның сөзіне қарағанда, жылдың соңында «Береке» шағынауданында салынып жатқан №2 арнайы мектеп-интернат қолданысқа берілгеннен кейін сол жерде де аутизм орталығын ашу жоспарланып отыр.

«Мүгедектерге арналған көтергіш сатыны орнатуға қорытынды алынды. Сондай-ақ 3 қабатта 570 шаршы метр аумақ анықталды. Балалармен 17 маман айналысатын болады. Олар бір лекте 50 баланы қамти алады. Орталыққа жыл сайын 43 млн теңге қарастырылған. Оның ашылуымен біз кезек мәселесін түбегейлі шешеміз», — деді Динара Анафина.

Кеңес барысында мүгедек адамдарға арналған нысандарды бейімдеу, оларды жұмысқа орналастыру және халықтың әлеу-

меттік осал топтарындағы балалардың жағдайын демалысын ұйымдастыру мәселелері де талқыланды. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Татьяна Берескаяның айтуынша, 2027 жылға дейін ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін 773 білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, мемлекеттік органдар және басқа да объектілерді бейімдеу жоспарланып отыр. Биылғы жылдың басынан бастап, 201 мүгедек жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар 50 адам «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқудан өтіп, өз істерін ашты.

Айта кетейік, осы жазда халықтың әлеуметтік осал топтарынан 16 644 бала сауықтыру мен демалыстың барлық түрімен қамтылған. Олардың қатарында жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп-балалы отбасылардан шыққан және өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен мүгедек жандар бар.

## АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ

**Маңғыстауда ауызсу мәселесі шешімін таба бастады. Ақтаудың іргесіндегі Сайын Шапағатов ауылында сайлауалды бағдарлама аясында салынған су тұщыту қондырғысы іске қосылды.**

Жаңа қондырғының көмегімен зауыттың қуаты екі есе артты. Кәсіпорын тәулігіне 4 500 м3 су тұщытады. Бұл өз кезегінде он мыңға жуық тұрғыны бар Сайын Шапағатов пен көршілес 15 мың адам тұратын Ақшұқыр ауылын толық ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Су тұщыту зауыты шикізат ретінде жерасты суларын пайдаланып, ауыл халқына санитарлық талапқа сай ауызсу ұсынады. Алдағы уақытта өндіріс ошағы қуатын тәулігіне 6 500 м3 дейін арттыруды жоспарлап отыр. Шарара аймақ басшысы Нұрдаулет Қилыбай игі бастамада мұрындық болған кәсіпкерлерге маңғыстаулықтар атынан алғысын жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірдегі су тапшылығын жойып,

халықты таза сумен қамту жайында арнайы тапсырмасы бар. Жерлестерімізге тіршілік нәрін жеткізу ісі күн тәртібінен түспейді. Қазір облыста ауызсу тапшылығын жою үшін бірқатар жоба қарқынды жүріп жатыр. Нәтижесін көретін сәт те алыс емес. Тамыз айына дейін «МАЭК» ЖШС аумағында тәулігіне 6 000 текше метр су тұщытатын қондырғы іске қосылса, «СК-А-Строй» ЖШС су тұщыту зауытының қуатын 5000-нан 9 000 текше метрге дейін арттырады. Сондай-ақ тамыздан бастап Ақтау қаласына тәулігіне қосымша 6 000 текше метр ауызсу, Баянды ауылындағы су тұщыту қондырғысы арқылы тәулігіне қосымша 3 000 текше метр ауызсу Мұнайлыға беріледі», — деді Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилыбай.

Айта кетейік, іске қосылып жатқан зауыттың жалпы құны — 1 000 000 000 (1 млрд) теңге. Жобаны «Алеқа» ЖШС «Халық» кайырымдылық қорының қолдауымен іске асырып отыр.



Бетті дайындаған Н.КОСАЙ



тірелгені жасырын емес. Демек, түркі әлемінің «оңайлатылған кеден дәлізі» оған жақсы балама болып, Қазақстанның сыртқы әлеммен қарым-қатынасын жақсартары, сауда-саттығын үдемелі түрде арттырады сөзсіз.

**ЖАҚЫН ЕЛДЕРДІН ЖҮГІНЕ  
«ЖАСЫЛ ДӘЛІЗ»**

Сөз болып отырған көпжақты келісімде «жүктер бойынша ақпарат алмасуды оңайлатылған кеден дәлізін ерікті негізде пайдаланатын сауда операторлары жүзеге асыруға тиіс» деп бекітілген. Осыған қарап, бірқатар сарапшы «сыртқы сауданы монополияландыратын әлдебір оператор бекітіледі екен» деген ойға келген.

Шынында олай емес екен: сыртқы экономикалық қызметке, яғни экспорт пен импорт операцияларына қатысатын кез келген кәсіпкер енді түркі әлемінің кеден дәлізінің операторы бола алады. Тек контрабандамен айналыспай, әрбір

инфрақұрылымдық және басқа жобаларды жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Мұның бәрі елдің ауқатынын артуына септеседі.

**ОРТАҚ ВАЛЮТА ТУРАЛЫ ОЙ БАР**

Мәжіліс депутаты «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Айдос Сарымның айтуынша, бұл келісім ғасыр ортасына дейін түркі әлемін тұтастандырып, өзара еш керіс, кедергі, келіспеушілік болмайтындай, уыздай ұйытуға бағытталған уағдаластықты жүзеге асырудағы басты бір қадам.

«Түркі мемлекеттері ұйымының 2021 жылғы 12 қарашада, Ыстанбұлда өткен сегізінші саммитінде «Түркі әлемінің 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасы» атты стратегиялық құжат қабылданған болатын. Осы тарихи құжаттың негізгі

жүк айналымы үшін тартылыс орталығына айналады.

Бұл үшін экономикалық кедергілер мен бюрократияны жою қажет. Әсіресе, бұл жұмысқа көлік, кеден салаларында серпін берілгені жөн. Өйткені кез келген жақсы дәліздің өзі жүктерді, ілеспе құжаттарын айлап, апталап тексеретін, экспорттаушыларды әбден сергелдеңге, сарсаңа салатын кедендік бюрократия мен жемқорлыққа тірелсе, тоқырауы мүмкін.

Мұның сыртында осы жолда енді елдер көлік, транзит және кедендік рәсімдер саласындағы ұлттық заңнамаларын қайта қарауы, жетілдіріп, жеңілдетуі қажет.

Ресей тарихшысы, саясаткер, «Түркі әлемі бірлігінің» қызу жақтаушысы Дмитрий Чернышевскийдің пікірінше,

# Түркі әлемі:

# ОРТАҚ КЕДЕН ДӘЛІЗІ

**Түркітүлдес елдер бір-біріне біртәуір жақындай түсті. Қазір бауырлас мемлекеттер арасында ортақ кеден дәлізі құрылып жатыр. Осылайша, анағұрлым ауқымды одақтастық қатынастардың іргетасы қаланады. Түркия Қаржы министрлігінің бағалауына, 2024 жылы түркі мемлекеттерінің экономикаларының жалпы көлемі 1,9 триллион долларға жетті. Бұл көрсеткіш жөнінен Түркі әлемі дүниежүзінде сегізінші орынға шығып отыр.**

Айхан ШӘРІП

**АЛПАУЫТТАРМЕН ТҮРКІНІҢ  
ТЕРЕЗЕСІ ТЕНЕСІ**

Дүниежүзілік банктің рейтингі бойынша экономикасының көлемі жөнінен жаһандық жетілдікке АҚШ (20,94 трлн доллар), Қытай (14,72 трлн), Жапония (5,064 трлн), Германия (3,806 трлн), Ұлыбритания (2,708 трлн), Үндістан (2,623 трлн) және Франция (2,63 трлн доллар) кіреді. Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше республикалар экономикаларының жиынтықты ауқымды осыдан кейінгі, сегізінші тұғырды иеленуге жетеді. Осының өзі бірікпе, түркітүлдес елдердің қандай күш екенін паш етеді.

Соның өзінде бұл көрсеткіште тек Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан мен Қырғызстанның ғана экономикасы есепке алынды. Өйткені түркі әлеміне жалпы саны 30 шақты ел кіреді екен. Бірақ олардың кейбірі, мысалы, Түрікменстан мен Венгрия — түркітүлдес мемлекеттердің бірқатар ұйымына тек бақылаушы ретінде қатысады, қалғаны елдер — Сақа-Якутия, Татарстан, Башқұртстан, Алтай, Хакасия, Гагаузия және басқасы өзге мемлекеттердің құрамындағы республика, автономия мәртебесіне ғана ие. Иранда 23 миллионға дейін, Ресейде — 15 миллионға жуық, Қытайда — 13,5 млн, Германияда — 5 млн, Ирак пен Сирияда — 3 миллиондай, Тәжікстанда — 2 млн, сондай-ақ Молдова, Монғолия, Грузия, Еуропа елдерінде және басқасында түркітүлдес ұлыстар шоғырланған.

Биылғы жылы тек Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) кіретін елдер арасындағы тауарайналым елу миллиард долларға жуықтайды деген болжам бар. 2023 жылы ол 42 миллиард доллар белесін бағындырды. 2022 жылы 33 миллиард кана болған. Осыдан-ақ Түркі әлеміндегі алыс-берістің серпіні түрде өсіп бара жатқанын байқауға болады.

ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Омурлиевтің айтуынша, мұндай ғаламат қарқынға мемлекеттер мен олардың лидерлерінің арасындағы келісім, түсіністік пен татулық, экономикалық өзара интеграцияның күш алуы, президенттер тілгерілеткен бірлескен бастамалардың табысты жүзеге асырылуы сияқты ізгі факторлар ігі ықпал етті.

Қазақстан Мәжілісі ратификациялаған «Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісім» де осы ынтымақтастық екінін үдете түспек. Мұны тіпті түркі елдері интеграциясындағы тарихи бетбұрыс деуге де болады. Себебі бұл болашақтағы ортақ Кеден одағының бастауына айналуы мүмкін.

Бұл көпжақты келісімге 2022 жылы штаб-пәтері Түркияның Ыстанбұл қаласында орналасқан Түркі мемлекеттерінің

ұйымы бастамашы болды. Содан ТМҰ-ға мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісімге Самарқандта, 2022 жылғы 11 қарашада қол қойылды. Яғни, бастама онжылдықтарға ұзамай, барынша жылдам жүзеге аспак.

Кеден дәлізі мәні бойынша Кеден одағына барынша жақын. Қаржы министрі Мәди Такиевтің түсіндіруінше, соның арқасында түркі елдерінің тауарлары — экспорты мен импорты түркі мемлекеттерінің территорияларында кедендік бақылаудан барынша жылдам өтеді. Сөйтіп, транзит мерзімдері де күрт қысқарады. Шығыны да азаяды. Бұл үшін түркітүлдес мемлекеттер өз аумақтары арасында өткізілетін тауарлар мен оны тасушы көлік түрлері туралы мәліметтерді өзара электронды күйде, әрі алдын ала алмасып отырады.

— Бұл келісімнің зор жеңілдіктері бар: біріншіден, мемлекеттеріміз арасында кедендік операцияларды іске асыру жеделдетіледі. Екіншіден, кедендік операциялар мен кедендік рәсімдерді жасау үшін қажетті құжаттар саны қысқартылады. Үшіншіден, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, тауарлар туралы ақпаратты талдау негізінде кедендік бақылау нысандары мен әдістерін қолдану сияқты кедергілер барынша азайтылады. Келісімнің ережелеріне сәйкес, тараптардың кеден органдары алдын ала мәліметтер алмасуды жолға қояды, — деді Мәди Төкешұлы.

Оның айтуынша, кеден дәлізін құрудың алгоритмі келесідей. Тараптар толық ратификациялаған соң аталған келісімді орындауға жауапты және өзара тікелей байланыстарды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген құзыретті лауазымды тұлғалардың тізімін айқындайды. Екіншіден, 6 ай ішінде осы келісім бойынша техникалық шарттар әзірленіп, ол Қазақстан қол қойғаннан кейін бекітіледі.

Үшіншіден, дәлізді құру бойынша пилоттық жоба қолға алынады. Ол аяқталғаннан кейін тараптардың кеден органдары тұрақты негізде мәліметтермен алмасуға кіріседі. Нәтижесінде, түркітүлдес мемлекеттер арасындағы кедендік ықпалдастық, яғни «оңайлатылған кеден дәлізі» үйреніштілік қалыпқа, күнделікті жұмысқа айналады.

Бұдан тараптардың бәрі ұтады. Түркі әлемі елдері арасында жұк атаулы еш кедергісіз, кеденде тоқыраусыз, тоқтаусыз тез өтетінін, тиісінше, көзделген жеріне тез жететінін түсінген өзге елдер тауарларын осы елдердің арасындағы халықаралық дәліздермен тасуға көшпек. Ресей және Беларусь сияқты шешуші ойыншылары соғыс пен санкция кесірінен оқшауланған жағдайда Еуразиялық одақ бірлесу тосқауылға ұшырағаны, тұйыққа

операциясы туралы айқын ақпаратты уақытылы ұсынса, адал істеп, анық баса жеткілікті. Мұндай операторларға қойылатын басты талап екеу ғана: шын ақпарат беру және электрондық жүйеде жұмыс істеу.

— Мұнда барлық қазақстандық компания сауда операторы бола алады. Ешқандай шектеу жоқ. Тек тауарлар мен жүк көліктері туралы тиісті ақпаратты беруі керек, әрі қарай жұмыстарын істей береді. Келісім бойынша бұл сауда операторларына бірталай жеңілдіктер беріледі. Біріншіден, олар түркітүлдес елдерде кедендік рәсімдеуде басымдыққа ие болады. Екіншіден, кедендік процестерден оңайлатылған түрде өтеді. Үшіншіден, кедендік тексеру болмайды, — деді Қаржы министрі.

Бизнес тарапынан: «Мұндай жеңілдіктерді нақты қандай шекаралық өткізу бекеттерінде алуға болады?» деген сұрақ қойылады.

«Түркі мемлекеттері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізі барлық кеден пункттерін қамтиды, барлық бекет соған жұмылады. Қолданыстағы инфрақұрылым оған мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстан 9 кеден рекетін және 1 теміржол өткізу бекетін реконструкциядан өткізіп, кеңейтіп жатыр. Ол жұмыстар биылғы жылдың соңында аяқталады. Тиісінше, келісімде талап етілетін барлық шартты Қазақстан сақтай алады», — деді Мәди Такиев.

Министрдің түсіндіруінше, бұл келісімнің басты айырмашылығы сол, осы бір ғана шарт аясында елдердің барлық кедендік рәсімі біріктіріледі. Соның аясында деректер алмасу жүреді. Бұл тараптарға серіктес елдің өзіне келе жатқан жүктері мен көліктері туралы барлық ақпаратты алдын ала, ерте сатысында алуға мүмкіндік береді. Соның арқасында бауырлас елдің жүктері «жасыл» дәлізбен, шекарадан тексерусіз тез өтіп кетеді.

М.Такиев ТМҰ-ға кіретін түркітүлдес республикалармен арада бұрын бекітілген екіжақты кедендік келісімдерді қайта қарап, өзгеріс енгізу қажет емес деп отыр: жана келісім барлығын реттейді екен.

Сонымен, келісім аясында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан (болашақта, бөлкім, Венгрия мен Түрікменстан) арасында жана кедендік дәліз құрылады. Ортақ дәлізде жүктерді, көлік түрлерін кедендік рәсімдерден өткізу жеңілдейді.

Бұл бизнеске түсетін ауыртыпалықты жеңілдетеді, өзара тауарайналымды еселеп арттыруы ықтимал. Осы арқылы ел бюджетіне түсетін кедендік төлемдер мен салық түсімдері артады. Бюджет толады, бұл мемлекеттің әлеуметтік,

Елшір КАБА (қолы)



*Бұл бизнеске түсетін ауыртыпалықты жеңілдетеді, өзара тауарайналымды еселеп арттыруы ықтимал. Осы арқылы ел бюджетіне түсетін кедендік төлемдер мен салық түсімдері артады. Бюджет толады, бұл мемлекеттің әлеуметтік, инфрақұрылымдық және басқа жобаларды жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Мұның бәрі елдің ауқатының артуына септеседі.*

мақсаттарының бірі — сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту және бауырлас елдер арасындағы ықпалдастық әлеуеттерін толыққанды жүзеге асыру. Рухани-гуманитарлық саланы айтпағанның өзінде, экономикалық интеграция мәселелері — сол тұжырымдаманың салмақты бөлігін құрайды. Түркі мемлекеттерінің халқы бүгінде 180 миллионға жуықтап қалды. Бірақ елдеріміз арасындағы өзара сауда жалпы тауарайналымның небәрі 4%-ын құрайды. Бұл — дамытуды қажет ететін орасан зор әлеуеттің барын көрсетеді», — деді депутат.

А.Сарым жана, оңайлатылған кеден дәлізін құрумен іс бітпейтінін қаперге салды. Түркі мемлекеттері «Шығыс-Батыс», «Солтүстік-Оңтүстік» жаһандық сауда дәліздерін біріктіретін қуатты өнірлік экономикалық топ құратын болады. Сол арқылы заманауи керуен жолдарының қауіпсіздігін күшейтеді, өнірлік және жаһандық экономикалық тұрақтылықты арттырады. Жаһандық

мұндай келісімдер түркітүлдес мемлекеттердің әлемдік экономикаға бірлесіп интеграциялануына және жаһандық төрде лайықты орын алуына септігін тигізеді. Әйтпесе, кәзіргі кезең — бөлінгенді бөрі жейді, жарылғанды жау жейді деген заман.

«Түркі әлемі біріктіру — Қазақстанның сыртқы саясатының басты басымдықтарының бірі. Түркітүлдес мемлекеттерді топтастырудың саяси ғана емес, мәдени, білім беру, гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық қырлары бар. Бұл ретте Түркітүлдес халықтардың достастығы — Еуразия байтағын ен жайлағысы келетін империяшыл күштерге тоспа болатын ең ірі балама. Бұл жоба ұзақ жылдарға, тіпті ғасырларға есептелген. Сондықтан ол өзінде дамуының бастапқы сатысында түр. Әрине, бұл одақта барлық ел тең болады және бір-бірінен тәуелсіз қажет ететін орасан зор әлеуеттің барын көрсетеді», — деді ресейлік тарихшы Д.Чернышевский.

Айтқандай, таяуда Түркия Президенті жанындағы Қауіпсіздік және сыртқы саясат кеңесінің мүшесі, профессор Айгүн Аттар болашақта түркі мемлекеттері арасында ортақ валюта енгізу тақырыбын қазірден талқылай бастауды ұсынды. Оның байламынша, елдеріміздің экономикалық кооперациясы бағытында бірнеше маңызды қадам жасалды: ортақ кеден дәлізінің негізі қаланып жатыр, биыл Түркі инвестициялық қоры құрылды. Соңғысы — Түркі әлемінің тұңғыш бірлескен қаржы институтына айналды.

Сондай-ақ ТМҰ барлық елдеріндегі түркі қызметтерді біріктіретін Туған атты ортақ, халықаралық қаржылық қосымша жобасы қолға алынды. Осы және болашақтағы басқа да жобалар ортақ валюта енгізуге жол ашуы мүмкін. Ең бастысы, ағайын елдердің ынтымақтастығы әрқайсысына ырыс-береке әкелсе, жан-жақты құптауға лайық.

(Басы 1-бетте)

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Мәжіліс депутаты Айгүл Құспан «Әскери міндеттілік бойынша әскери қызмет дәрігерлік комиссиялардың қызметі» тақырыбында өткен дөнгелек үстел барысында «Ауыр дертке шалдыққан азаматтар әскерге алынып жатады» деген мәлімдеме жасады. Ал Қорғаныс министрі Р.Жақсылықов былтыр сарбаз суицидinin 90%-ы әскери борышты өтеуге қатысы жоқ деген айтқан. Рас, әзірге Нұржігіт Әбілпаттын оқиғасына қатысты тергеу аяқтала қойған жоқ. Бірақ әскерде әлімжеттіктің бар екені жиі айтылады. Әскерилер жоққа шығарғысы келгенімен, мұндай олқылық бар. Тек мұндай келенсіздікті қалай төмендетуге болады, мәселе сонда.

— Қазір армияның ішкі тәртібі туралы, ішкі заңдары, сыртқы заңдары, жарғылары қайта қаралып жатыр. Әскери полиция деген біздің өмірдегі полиция сияқты қызмет емес, олардың функциялары бөлектеу. Олар ең алдымен армиядағы жүріс-тұрыс тәртіп, тәрбие жұмыстарын қалағалайды. Мәселе ушыққан кезде әскери прокурорлар келеді. Оған дейін бүкіл мәселе бөлімнің командирі кім, соның білігі, дүниетанымы, тәжірибесі соған тікелей байланысты.

Армия деген балабақша емес, курорт емес, балалардың лагері емес. Бұл жерге негізінен көбі 18, 19, 20-дағы күші, қаны тасып тұрған өрімдей жастар жиналады, өртүрлі мінездер тоғысады. Олармен жұмыс істеу — ең бірінші кезекте командирлердің басты міндеті. Армия қатарына келгеннен кейін сарбаз тәрбиеге көну керек. Үйдегі қыңыр мінез, қырсық мінез қалу керек. Әскердің бірінші талабы — сол. Оған сарбаздың шыдауы үшін, менің ойымша, тәрбиені мектептен бастауымыз керек. Қоғамдағы армияға деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру керек. Қазір бірнеше заң қабылдап жатырмыз, солардың бірі — Әскери патриоттық тәрбие деген заң жобасы. Құдай қаласа, жылдың аяғына дейін қабылданады, — деді Мәжіліс депутаты Айдос Сарым.

# ӘЛІ ЖЕТКЕННІҢ ӘЛЕГІ

## ӘСКЕРДЕГІ СУИЦИДТІ ЖОЮ МҮМКІН БЕ?

Президент жанындағы әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі, адвокат Айман Омарованың айтуынша, қандай министр келсе де әскердегі әлімжеттікті жою қиын, себебі бұл салада бүкіл жүйені бұзып, басқа әскери жүйе құру керек.

— Әскердегі әлімжеттік — сонау совет заманынан келе жатқан жойылуы қиын мәселе. Ондай жағдай мектепте де, колледжде де, университетте де, армияда, басқа салаларда да бар. Әскерде өте қиын. Бірақ айтайын дегенім, ол үшін Р.Жақсылықовты кінәлауға болмайды. Бұл жерде мемлекет жауапты. Нақты айтатын болсақ, Қорғаныс министрлігі жауапты. Ал әскери органның бәрі Қорғаныс министрлігімен байланысты. Бәрі мемлекеттік органдар деп айтсақ болады. Мемлекеттік органдар бір-бірін ешқашан да кінәлі деп жарияламайды. Әскерде заң жоқ, заң жұмыс істемейді деп айтсақ болады. Тек қана оқиға болған кезде ғана істі тіркеп, тергеуді бастайды. Қорғаныс министрлігі әлімжеттікке алдын ала шара қолданбайды, — деді А.Сарым.

Дегенмен қузырлы органдардың ақпараттарына сүйенсек, елімізде бірқатар әскери реформалар енгізіліп, әскерге шақырылған азаматтардың саны артып келеді. Қорғаныс министрлігінің мәлімдеуінше, 2024 жылдың көктемінде әскери қызметтен босауға немесе кейінге қалдыруға негізі жоқ 18-27 жас аралығындағы 20 мыңнан астам азамат әскер қатарына шақырылған. Бұл сарбаздардың әскердегі қауіпсіздігін сақтау және әскерге деген ынтасын арттыру үшін бірқатар өзгерістер жасалып жатыр. Мәселен, 2022 жылдан бастап әскери борышын өтеген азаматтарға екі жыл ішінде кез

келген ЖОО ақылы бөліміне оқуға түсуге мүмкіндік беріліп келеді. Ал қызметін өтеу барысында ерекше көзге түсіп, жауынгерлік даярлық кезінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген азаматтарға ЖОО тегін грант бөлімінде оқуға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар мерзімді әскерге барып келгендердің оқып жатқан университеттерінің әскери кафедрасында еш емтихансыз, тегін оқуға мүмкіндіктері бар. Ал әскери оқу орындарына оқуға түсу, тіпті жеңіл. Мерзімді қызметтен кейін сарбаздар «Ефрейтор» шенін иемденіп шығады.

— Былтырдан бастап армияда бір жыл қызмет еткен немесе контракттан шыққан азаматтарға өзінің тандауы бойынша 38 университетке тегін түсуге мүмкіндік берілді. Бұл армиядан саналы түрде қашып жүргендер мен армияда қалғысы келетін азаматтардың санын арттырып жатыр. Құни кеше Президент кредиттік ұйымдар туралы заң қабылдады. Армияға барып жатқан азаматтардың қарызын тоқтата тұру туралы, яғни несиелік демалыс деген институт енгізді. Жақында армия қатарындағы және әскерге баруы керек азаматтарда қанша қарызы бар екені туралы ақпаратқа да қол жеткізетін боламыз, — деді А.Сарым.

Бірақ әскер қатарын материалдық қажеттіліктер негізіндегі мақсатпен ұштастыра толықтырудың қаншалықты нәтижелі боларын уақыт көрсете жатар. Қоғам үшін ең өзектісі бұл емес! Әскер қатарына сапсау аттандырылған өрімдей жас баласын қуанышпен құшақ жая қарсы ала алмай, уайым арқалап қалған ата-ананың зары мен азаматтың өмірі өзекті.

## «БЕЙБІТ КҮНДЕ ӘСКЕРДЕГІ САРБАЗ ҚАЗА БОЛМАУҒА ТИІС»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан екі жыл бұрын «Бейбіт



күнде әскердегі сарбаз қаза болмауға тиіс. Ата-ана баласын әскерге жібергенде оның қауіпсіздігі үшін аландамауы керек. Бұл — мемлекетіміздің мойнына алған міндеті» деп жауынгерлердің өлім-жітіміне жан-жақты тексеру жүргізіліп, шынайы себебін анықтау қузырлы органдардың жауапкершілігінде екенін ескерткен еді. Содан бері әскердегі әлімжеттік пен суицид мәселесінде өзгерген ештеңе жоқ. Баяғыша әлі күнге дейін жауынгер өліміне оның өзін кінәлау, сарбаздың өзіне жаба салу секілді сылтаудың «мұрттың балта шабар» емес. Қоғамның көбіне налитыны да, баласын әскерге жіберуден қорқатын себебі де осы.

— Сарбаздың өзін кінәлайды немесе тағы сол жерде ата-анасы жоқ бір жауынгерді кінәлап жіберуі мүмкін. Офицерлер қайда қарайды, бұл негізінен офицерлерден басталатын жағдай. Офицерлердің арасында кезінде өздері де әлімжеттік көргендер де бар. Сондықтан мәселені жасыруға тырысады. Жауынгер көкала қойдай таяқ жеп, жасыруға келмейтін жағдай орын алғаннан кейін, адвокаттар жарияға шығарғаннан кейін ғана әрекеттер жасауға тырысады. Әрекет жасағанның өзінде де нақты айтқы-

сы келмейді. Миращ Бекболдын ісінде де қаншама сұрақ бар. Көп адамдарды соттаған жоқ, қылмыстық жауапкершілікке тартатын адамдарды тартқан жоқ деп санаймын. Жамбыл облысында қайтыс болған сарбаз Ұлықбек Бердишевтің ажалының да себебі нақтыланбады, — деді адвокат А.Омарова.

«Балам деген ел болмаса, елім деген бала қайдан шығады» деп, Алаштың арда ұлы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, елдің қорғаны, ата-ананың үкілі үміті өрімдей жас сарбазымызды қорғай алмасaq, мемлекеттің қауіпсіздігін қалай қорғамыз? Алдымен казак әскерін қорғау мәселесі шешімін табуы керек. Ата-ананы алаңдатып, көңілін күттігі еткен көп мәселенің статистикасына қарасақ, барлық жағдайда зардап шегетіндер негізінен казак балалары. Былтыр Сенат депутаты Геннадий Шиповский сарбаздардың өлімі үшін әскери бөлім басшылары түрмеге жабуды талап етті. Бірақ ол да мәселенің шешімі болма алмай отыр.

Баласына «Атанның баласы болма, адамның баласы бол» деп тәрбие беретін казак үшін бала қайғысынан ауыр қайғы жоқ.

Нашақорлық — қоғамның өзегіне түскен жегіқұрт. Бұл қоғамдық дерт қаншама отбасын қиын жағдайға душар етіп, шаңырағын шайқалтты. Есірткіге өлген, кезекті доза іздеген талай адам қарызға батты, наша үшін заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Тығырыққа тіреліп, өмірде басқа қызық-құмар таппай, өзіне қол салғандар жетерлік. Сондықтан Президент билығы Ұлттық құрылтайда ұтымызға қауіп төндіретін, жастарды құрдымға құлатын синтетикалық есірткімен күресті күшейтуді тапсырды.

Елдос СЕНБАЙ

## ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ОЛХ-қа ЖЕТПІ

Үкімет те, Парламент те Мемлекет басшысының осы тапсырмасын орындауға күш салып жатыр. Осы мақсатта Мәжіліс «Кейбір заңнамалық актілерге есірткі, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады. Бұл заңның аясында мысалы, есірткі өндірушілерге елдегі ең жоғары жаза — өмір бойға бас бостандығынан айыру енгізілмеді.

Өйткені Президент: «Есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет», — деп міндет жүктеген болатын. Қатан шараларға бармаса, есірткі өндірісі мен саудасы сияқты қарқынды белең алған кесел бөй беретін емес.

Министрлер кабинетінде бұл бағытқа Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова жауап берді. Ол 2023 жылғы 29 маусымда Үкіметтің «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023—2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын» бекіткеніне назар аударды.

Мұның сыртында Үкімет нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске тартылған мемлекеттік органдарды техникалық жақтандыру жағына мән беретін болады. Әйтпесе, бос уағыз-насихатпен бұл кесепатқа тоспа құру мүмкін емес.

Президент тапсырмасын орындау аясында есірткі айналымының жаңа түрлерімен күреске бағытталған бірқатар заңнамалық бастама іске асырылып жатыр. Есірткіні сақтауға, есірткіні жарнамалауға немесе насихаттауға қатысқаны үшін жауапкершілікті күшейтетін заңнамалық түзетулер қабылданды.

«2019 жылдан бастап, қузырлы органдардың бақылауындағы препараттар тізімдеріне жаңа психоактивті заттарды енгізу тегі жөнделді. Содан бері 125 жаңа психоактивті зат пен 29 прекурсор енгізілген. Мемлекеттің бақылауына синтетикалық есірткі өндіру үшін пайдаланылатын жабдықтар 19 атауға енгізілді. Сонымен қатар Қылмыстық кодекс ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдаланып жасалатын қылмыстардың жаңа құрамдарымен толықтырылды. Есірткіні интернет арқылы сатып алу және өткізу тиісінше, ауыр және аса ауыр қыл-

# ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС: ДӘРІГЕ ДЕ БАҚЫЛАУ КЕРЕК



мыстар санатына жатқызылды», — деді вице-премьер Тамара Дүйсенова.

Бұдан бөлек, Қазақстанда қылмыстың жаңа құрамы — есірткіні жарнамалау және насихаттау бабы пайда болды. Оған есірткі жасырылған орынды нұсқайтын немесе есірткі сатылатын сайтты жарнамалайтын «граффити-суреттер» және есірткінің заңсыз айналымы туралы өзге де ақпаратты таратушылар жатқызылды.

Қузырлы органдардың дерегінеше, 2024 жыл басталғалы есірткімен байланысты 20 139 қылмыс әшкереленген. Соның ішінде 549-ы — өткізу фактісі. Оның үштен бірінен астамы — 169-ін қылмыскерлер интернет арқылы жүзеге асырды. Сондай-ақ есірткіні аса ірі мөлшерде сақтаудың 156 фактісі анықталды.

Синтетикалық есірткіні жеткізумен және сатумен айналысатын 6 ұйымдасқан қылмыстық топ жойылды. Оның ішінде бір трансұлттық ҰҚТ-ны ұйымдастыру және қатысу дерегі бойынша 11 қылмыстық іс қозғалды.

Депутаттар құпия сөздерді пайдалана отырып, есірткінің интернеттегі тегін хабарландырулар серверіне арқылы сатылатынын айтып жүр.

— Былтыр OLX Group өкілдігімен тікелей өзара іс-қимыл ұйымдастырылды. Нәтижесінде, курьерлік жұмыс түріндегі «кепілгерлерді», «закладчиктерді» жалдау бойынша 4 300-ден астам хабарландыру жойылды. Ол үшін мемлекеттік органдар өкілдерінің, OLX өкілі және еріктілердің қатысуымен арнайы чат құрылды: бұл әшкереленген заңсыз жарнаманы 5 минут ішінде жоюға мүмкіндік береді, — деді Үкімет басшысының орынбасары Т.Дүйсенова.

## НАШАҚОР ДӘРІДЕН ДЕ У ТАБАДЫ

Әлгінде айтылғандай, бүгінде Парламентте депутаттардың бастамасымен әзірленген, есірткі және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті қатандатуды көздейтін заң жобасы пысықталып жатыр. Күшті әсер ететін заттарға «Трамдол», «Тропикамид», «Топентадол», «Прегабалин», басқа медициналық мақсаттағы препараттар жатады.

Ішкі істер министрінің орынбасары Айдос Рысбаев бұл заң қабылданған соң құрамында есірткісі бар немесе есірткі сияқты күшті әсер ететін заттарға бақылау күшейтіледі деген үмітте.

— 2023 жылғы сәуірде «Трамдол» деген дәріні бақылау тізіміне енгізгенбіз. Содан кейін оның заңды айналымы 90%-ға құрт азайды. Бұрын дәріханалар «Трамдолды» еркін сата беретін, енді ондай жоқ. Күшті әсері бар басқа дәрілерді де есірткілі заттар тізіміне енгізсек, дәріханалар заң бұзудан қорқып, оларды сатпайтын болады. Қазіргі тәжірибе бойынша дәріханаларды тексеру үшін рұқсат алуымыз керек. Сонда заңсыз сатқаны анықтаса, материалдарды фармақорғау органына жібереміз, олар әкімшілік қаттама ғана толтырады. Жаңа заң жазаны қатайтса, полицияға да жұмыс істеу оңайлайды. Оған дейін қылмыскерлер айыппұл төлеп құтыла берді, — деді А.Рысбаев.

Сарапшылардың түсіндіруінше, «Тропикамид», «Азот тотығы», «Сомнол», «Прегабалин» сияқты медициналық препараттарды, әсіресе нашақор жастар көп пайдаланады. Бұл заттардың көме-

гімен есірткіге тәуелді адамдар синтетикалық есірткінің әсерін күшейтеді, нәтижесінде оның медициналық емес айналымдары өсіп кетті.

Қазір осы дәрілік заттарды рецепсіз бергені ешқандай емес істеу қағидаларын бұзғаны үшін тек әкімшілік жауаптылық, айыппұл қарастырылған. Бұл оларды медициналық емес мақсатта сататын қасқойларға тосқауыл бола алмай тұр. Мысалы, 2022 жылы республикаға танымал «Король Трамадола» деген лақап атпен белгілі казакстандық күшті әсер ететін заттардың ірі партиясымен бірнеше рет ұсталғанымен, еш жауапкершілікке тартылмаған: тек заң аясында айыппұл төлеп құтылып кетіп отырды. Оның дәріхана қызметіне қатысты формальды түрде лицензиясы болғандықтан мемлекет өкімшілік жазадан басқа ешқандай шара қолдана алмады.

Осыны ескере келе, жаңа заң жобасында күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымы үшін, олармен жұмыс істеу қағидаларын бұзғаны үшін, сондай-ақ оларды ұрлағаны үшін қылмыстық жазалар енгізу ұсынылды. Сонымен қатар прекурсорларды, күшті әсер ететін заттарды дайындау немесе өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтардың заңсыз айналымына да қылмыстық жаза қарастырылды. Нашақорлыққа тоқтау салу үшін оның барлық көріністерімен күрескен абзал.

## «НАРКОБОРОНДАР» МӘНГІЛІККЕ ТҮРМЕГЕ ҚАМАЛМАҚ

Есірткі өндірісі күннен күнге ұлғайып барады. Егер 2019 жылы — 3, 2020 жылы — 8 заңсыз есірткі зертханасы

табылып жойылса, 2023 жылы олардың саны бірден 81-ге жетті және бұл тек табылғаны!

2024 жыл басталғалы 31 жасырын есірткі лабораториясы жойылды. Осылайша, пайдалануға дайын 1 тонна есірткі жасау өндірісінің жолы кесілді, бұл мыңдаған адамды нашақор етуге қауқарлы 3 миллион доза.

«Елдегі ахуал осындай. Бұл шифрларды не үшін айтып отырмыз? Егер жаңадан шыққан синтетикалық есірткімен күресеміз десек, онда бұл күресте прекурсорлардың заңсыз айналымының жолын кесуіміз керек. Қазіргі ең тиімді шара осы. Колданыстағы заңнамада прекурсорлардың тек контрабандасы үшін ғана жаза белгіленген, ал прекурсорлардың заңсыз айналымы үшін еш жауапкершілік жоқ. Осы мақсатта Қылмыстық кодекстің 301 және 303-баптарына прекурсорлардың заңсыз айналымы үшін, сондай-ақ олармен жұмыс істеу қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылықты көздейтін түзетулер енгізу ұсынылды», — деді Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Снежана Имашева.

Маскарасы сол, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жаркынбек Амантайұлының айтуынша, қузырлы органдар төркіленген алапат көлемдегі есірткіні және прекурсорларды сақтайтын орын таба алмайды: көптеген сараптамалық мекемелерде мұндай заттарды көп мөлшерде сақтау үшін жағдай жоқ екен. Мысалы, 2023 жылғы наурызда Алматы қаласында төркіленген 85 тоннадан астам прекурсор басқа мемлекеттік құрылымдарға сақтауға берілген.

Заңның жобасында есірткі өндіргені үшін 15-20 жылдан бастап, өмір бойға бас бостандығынан айыру жазасы енгізілмеді. Заң жоба авторларының түсіндіруінше, мұндай қатан шараға өмір шындығы итермелеген: бұрынғы жылдары Қазақстанда қылмыскерлер қарасорадан есірткі жасауға ғана күш салатын. Героин және кокаин сияқты есірткілер республикада мүлдем өндірілмейді, олар қылмыстық арналармен басқа елдерден жасырын тасылды. Бірақ 2019 жылдан бері Қазақстанның өзінде синтетикалық есірткілер өте көп көлемде, тіпті өнеркәсіптік ауқымында, сериялық жолмен өндіріле бастады. Бұл жаңа жаза бірінші кезекте солармен күреске бағытталған.

Жаңа заң өмірге қолдама алса, онда психикалық белсенді заттарды қолдануға байланысты, яғни нашақорлығы үшін мәжбүрлеп емделген адамдар содан кейін де мемлекет назарынан тыс қаламауға тиіс: олар арнайы медициналық көмек көрсететін ұйымнан шыққаннан кейін тұрғылықты жері бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымда (халық арасында «жындыханада») динамикалық тіркеуге тұруға міндетті.

Қалай болғанда, ұлттың болашағына балта шабатын бұл кеселмен күрес осымен тынбайды. Қылмыс өлемі ойлап тапқан жаңа әділ-тәсілдер ұлттық заңнаманы үнемі жетілдіріп, тосқауыл коюдың жаңа амалдарын табуды талап етеді.

Жаз басталып, сабақтың аяқталуы балалардың оқуды уақытша тоқтатуы деген сөз емес. Биыл мектеп оқушыларын жазғы демалыспен қамтуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы орайда Астана қаласында 200 мыңнан астам баланы жазғы демалыспен қамтуға 97 мектеп жанындағы лагерь, 75 бейіндік және 20 этнолагерь жұмысын бастап кетті. Түрлі бағыттағы жазғы сауықтыру орындары балалардың шығармашылығын шыңдап, белгілі бір өнерге, кәсіпке ебін қалыптастырады. Биылғы ұйымдастырылып жатқан жазғы лагерьлердің ерекшелігі де осында. Қазір алғашқы маусымы мәреге жеткен лагерьлер жұмысы жаңа маусымды бастауға да сақдайдай түр.



білетін өнерімен бөлісіп отырмын. Қазір көп мектепте, әсіресе елордалық білім ошақтарында ат-өбездерін жасау, қамшы өру сияқты колонер сабақтары мүлде өтпейді. Ал бұл ер жігіттің бәрі білуі керек болған өнер деп санаймын», — дейді көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ақжол Жалынышұлы.

Осылайша, мектеп кез келген талғамға сай көптеген іс-шара арқылы балаларды қызықтырып, жазғы демалысын тиімді өткізудің таптырмас мекеніне айналған.

#### ШЫНЫҚСАН ШЫМЫР БОЛАСЫН

Балалардың ұлттық дүниетанымға деген көзқарасын қалыптастырудан бөлек, денсаулыққа да көңіл бөлу керегін ескерген. Спорттың әртүрлі осындай жазғы сауықтыру орындарының бірі — №32 мектеп-гимназиясы жанынан ашылған Dostyk camp спорт бағытындағы лагерь. Лагерьде спорттың барлық түрі қамтылған: футбол, шағын футбол,

#### БІЛІМПАЗ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Балалардың денсаулығын сауықтыру және білім беруді мақсат еткен жазғы демалыс бағдарламасында «Этно-сап» киіз үй лагерьі мен «Бақыт-сап» бейіндік лагерьі бар. Бұл бағдарлама бойынша оқушылар бақытты балалық шақтың дәмін татып, рухани дүниесін кеңейте түсуге зор мүмкіндік алады. Мысалы, «Этно-сап» киіз үй лагерьі мемлекеттік тілді, Қазақстан тарихын зерделеуге, «Ақ кимешек — бабалар аманаты» қоғамдық ұйымымен бірлесіп ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған.

Аталған тартымды да қызықты шаралар балалардың ана тілге деген құрметін арттырып, ұлттық тарихқа, мәдениетке, салт-дәстүрге, деген мақтанышын күшейте түсетін кешенді шара болып табылады. «Этно-сап» лагерьі тек демалыс орны ғана емес, балаларға өз Отанын, тілі мен тарихын, мәдениетін мен дәстүрлерін жақсы білуге, сүйеге баулитын маңызды білім беру жобасының жұмысын атқарып отыр. Сонымен қатар бейіндік оқудың да әртүрлі бағыты ұсынылған. Бұл бағыт бойынша балалар жан-жақты дамып, білім көкжиегін тағы да кеңейте түсері сөзсіз.

«Лагерьде ең кішкентай балалар үшін казак тілінде оқытатын OQU-Camp отря-

# Жаздың көркі енеді демалыспен...



кинотындағы «Туған жер» әнін, өзіміздің лагерь әнін жаттап, таңертеңгілік жаттығуларды буын-буын қозғалатын «Қара жорға» биімен бастайды. Осылайша, әр бала өзі қызыққан бөлімдерге бөліне бастайды. Қазір басқа мектептерден келген балалар да бар. Барлығының бірдей қызығушылығын арттыру үшін өткенде бір күн табиғат аясына



үйретуге әртүрлі пән мұғалімі атсалысып жатыр. Осындай ерекше жұмысқа кіріспес бұрын тарихшылар олардың пайда болу тарихымен таныстырып өтеді. Кейін колонер бұйымдарын жасап, бояулармен сурет салып, түрлі аппликациядағы бейнелерді киіп жемілейді. Мұндай танымдық жұмыс кезінде оқушылар шапшаң сөйлеуді үйренеді, оқу жылдамдығын дамытады, қатарластарымен бірге топтық жұмыс істеуге де бейімделеді. Баланы еңбекке баулу және өз ұлтының дәстүрін, тарихымен суындағы шығарушы шамшырақ етіп алға қарай беттеген мектеп ұжымының еңбегі ұшан-теңіз. Екі аптаға созылған бірінші маусымда 75 бала қатысты. Бұл — үш топқа бөлінген бала саны. Ұйымдастырушының айтуынша, алдағы уақытта демалушы балалар саны артса, топтар саны да қосылуы мүмкін.

«Қамшы өрімнің бірнеше түрі бар. Қазір үйренем деген баланың саны көп. Сондықтан кейде қайыс жетпей қалады, сол кезде оның орнына пайдаланатын жіптер болады. Сол арқылы қамшыны төрт таспамен өруге болады. Сегіз таспамен өрілген төрт қырлы қамшы күрделірек болса да, оқушылар лезде үйреніп алып жатыр. Мектептің көркем еңбек оқулығында қамшыны өру тақырыбы жоқ. Балаларында жазғы демалысын тиімді өткізуге арналған лагерьдің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өзім

волейбол, баскетбол, үстел тенісі, ұлттық ойындар атап айтсақ асық ату, бес тас, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, еркін күрес, дзюдо және қарагөз бар. Лагерьде 12-15 жас аралығындағы 78 бала қамтылған.

«Спорттық лагерь 3 маусымда басталған. Спорттық секция жетекшілері оқушылармен жаттықтыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізеді. Спорттық секциялар жеткшілерінің негізгі мақсаты — оқушылардың денсаулықтарын нығайту, таңдап алған спорт түрлерінен қабілеттерін дамыту, халықаралық аренада спорт түрлерінен халқының намысын қорғайтын мықты ұл-қыздар өсіру, мектепке көпшілік спорт бағытында көмек беру, спортты насихаттау. Лагерьдің бірінші кезеңі шығармашылық және кәсіби бағытта өтті. Ал екінші кезеңді арнайы спорт бағытында ұйымдастырып отырымыз. Осындай спорт лагерьлерінің арқасында оқушыларымыз асық ату, бес тас, тоғызқұмалақ ойындарынан қалашілік жарыста 3-орын иеленді», — деді №32 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шалаханов Бекбайдар. Оның айтуынша, сабақтан тыс шұғылданду күнделікті өтетін сабақ түріне қарағанда балаларды тәртіптілікке, бастамашылықты алдын ала ойландыруға, мәдениетті демалысқа үйретеді. Бұл елеулі дәрежеде шұғылдандырушылардың бейімділігі мен көңіл-күйіне тәуелді.

Ал әрбір баланың ішкі әлеуетін іске асыру үшін №91 мектеп-гимназиясының жазғы лагерьі үш бағытта ұйымдастырылған. Бірінші бағыты «Жазғы-сап» деп аталады. Мектеп жанындағы бұл лагерь сауықтыру және физикалық даму тұжырымдамасына негізделген. Мұнда балалар танымдық интеллектуалды ойындарға, эстафеталарға, пикниктерге, тақырыптық сапарларға және тағы басқа қызықты танымдық іс-шараларға қатысады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлнәр Ораққызының айтуынша, лагерьдің медициналық қызметкерлері әр баланың денсаулығын бақылай отырып, үнемі тексерулер жүргізіп отырады. Бүлдіршіндер ұстаздарымен бірге «казакша күрес», «арқан тарту», «садақ ату», «тоғыз құмалақ» сияқты бірқатар ұлттық спорт түрін үйренеді, туризм және өлкетану бойынша білімдерін терендету тәсілі әрі экологиялық мәдениет қалыптастырады.

ды, орыс тілінде оқитын бастауыш сыныптар үшін «Smart-Бала», жас зерттеушілер үшін «Лингва-Sience» отрядтары ұйымдастырылды. Онда оқушылар эксперименттер жүргізіп, қызықты жобаларға қатыса алады. Ал шығармашылық бағыты басым балалар өздері «Көркем-арт» отрядының көркемсурет студияларынан тапса, болашақ инженерлер — STEM-зертханада модельдер жасау үшін заманауи құралдармен жабықталған техникалық зертханаларға жайғасады. Математикаға бейімі бар оқушылар да назардан тыс қалмаған. Олар Math-Camp, «Интеллектум» отрядтары, спортшылар үшін — Sport drive, жас аспаздарға — «JAS кондитер» отрядтары ұйымдастырылды. Аталған бағдарламада оқушылар үш тілде жобалар жасайды», — дейді Г.Ораққызы. Мұнда балалар зерттеу жұмысымен айналысады. Зерттеу барысында өсімдік тұқымының өнуінен бастап компост дайындауға дейінгі кезеңдерді көзбен көріп, мектеп ауласына көшет отырғызады.

Бұдан бөлек, мектеп жанындағы жазғы лагерьде түрлі бағыттағы фестиваль өтуде. Әр маусымның он күні белгілі бір тақырыпқа байланысты аталып өтеді. Мысалы, «Патриот» күні барлық балалар Мемлекеттік туды әспеттейтін көк және сары түсті киім киіп, Әнұран шырқап, Мемлекеттік рәміздер насихатталды. «Мемлекеттік тіл» күні де балалардың бойындағы патриоттық сезімді оятуға ерекше әсер ететінін айта кеткен жөн. Сауықтыру лагерьінің тағы бір ерекшелігі балалар мен жетекшілері қызықтайтын өздері жасаған басқимдерін киетін «Теллектер күні». Мектеп лагерьіне жауапты тұлғалардың айтуынша, жоғары сынып оқушылары өз бастамасымен жазғы демалыс кезінде ерікті болып жұмыс істеп, мұғалімдерге сабақтар мен конкурстар өткізуге көмектеседі.

Білім беру ошақтары баланың жан-жақты дамуына, жазғы демалысының дұрыс ұйымдастырылуына және өскелең ұрпақтың отансүйіштілік қасиеттерге баулитын орталық екенін көрсетеді. Осындай ғажап көңіл-күй сыйлаған лагерьлер баланың таныммен арттырып қана қоймай, ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекемдей түсіп, адам мен табиғат арасындағы байланысты да жақсартатыны анық.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

#### ДӘСТҮРМЕН ҰШТАСҚАН ДЕМАЛЫС

Елордадағы Смағұл Сәдуақасов атындағы №78 мектеп-гимназияның жазғы лагерьі ерекше өтіп жатыр. Жақында мектеп жанынан ашылған лагерь жұмысымен танысып, этно сипаттағы бағдарламаларды тамашалап қайттық. ЭтноАрт «Мирас» лагерьінің ұйымдастырушысы — аталған мектеп-гимназияның көркем еңбек пәні мұғалімі Ләззат Атыбай. Оның айтуынша, этнолагерьде ұлттық құндылықтар дәріптеледі. Қыздар киіз басып, ұршық иіруді үйренсе, ұлдар қамшы өріп, ат өбездерін жасауды меңгереді. Этно стиліндегі демалыс орны болғандықтан, казак ауылының «вайбы» жасалған. Оқу орнының ауласында орнатылған үлкен ақ киіз үй айрықша өң беріп тұр. Киіз үйдің жанына алтыбақан тұрғызылып, жер ошақ та орнатылыпты. Аула ортасындағы киіз үй күн сайын мектеп мұғалімдері мұқият жоспарлап, ұйымдастырған түрлі іс-



#### Мектеп жанындағы

жазғы лагерьде түрлі бағыттағы фестиваль өтуде. Әр маусымның он күні белгілі бір тақырыпқа байланысты аталып өтеді.



шараға толы. Дәстүрмен ұштаксан лагерь үш ай бойы жалғасын табады. Бір маусым екі аптаға созылып, осы уақыт ішінде үздік нәтиже көрсеткен балаларға марапаттар да ұсынылады екен. Лагерьдің алғашқы күнінде-ақ балалар жана дағдыларды үйреніп, жана қырынан көрініп үлгерген.

«Этнолагерь жұмысын бастамас бұрын, алдымен оның сыртқы көрінісін ерекше безендіруді жоспарладық. Ауыл көрінісіне келтірілген аулада балалар өздері қызыққан іспен айналыса алады. Кішкентай демалушыларымыз ұлттық колонер бұйымдарын жасап қана қоймай, казактың әндерін, «Менің атым Қожа»

шығып, бауырсақ пісіруді, сірне, қуырдақ қалай жасалу керегін үйреттік. Мектепте өріп үйренген қамшы мен ат-өбездерін қалай, қай жерде қолданатынын да көрсеттік. «Жастайынан үйретсең тасқа ойған таңбадай, қартайғанда үйретсең суға құйған ақ сүттей» деген сөз бар ғой. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларынан бастап колонермізді дәріптеп жатсақ — еңбегіміздің зая кетпегені», — дейді мұғалім.

Біз әңгіме етіп отырған этнолагерьдегі бармағынан бал тамған шебердің барлығы — осы мектеп мұғалімдері. Сазбалшықтан құмыра жасау, қамшы өру, жүн сабап, тоқыма тоқуды және ұлттық құнды-

## АУЫЛДА ШЕШІМІН КҮТКЕН МӘСЕЛЕ КӨП

Qazqstan dauiri халықаралық, қоғамдық саяси газетінің ұйымдастыруымен «Ауыл — ел бесігі» дәстүрлі экспедициясының «Ауыл аманаты — ел аманаты» атты қорытынды жиыны өтті. Жиынға Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы, Ауыл шаруашылығы министрлігі және республикалық Ардагерлер кеңесі, «ЕлАна» қоғамдық, әлеуметтік-танымдық сайты, республикалық «Мөлдір бұлақ» балалар журналының және Қостанай облысы, Жанкелді, Аманкелді ауданының, Алматы облысы Кемертоған ауылының өкілдері қатысты.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Qazqstan dauiri ЖШС-ның бас директоры Сәуле Мешітбайқызының қолдауымен ұйымдастырылып келе жатқан экспедицияның мақсаты — газет ұжымы жергілікті әкімшіліктің ауыл шаруашылығы, білім басқармаларының қызметкерлерімен, сондай-ақ облыстық, аудандық «AMANAT» партиясының өкілдерімен бірлесіп, шалғайдағы ауылдарды аралап, ондағы қордаланған мәселелерді зерттеп, халықтың талап-тілегін газет бетінде жариялап, тиісті құзырлы мекемелердің назарына ұсыну және аймақтардың дамуын ақпараттық қолдау.

Сәуле Мешітбайқызының айтуынша, 2023 жылы газет ұжымы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, республикалық Ардагерлер кеңесі, «Елана» қоғамдық, әлеуметтік-танымдық сайты, республикалық «Мөлдір бұлақ» балалар журналымен бірлесіп, республиканың түкпір-түкпірін аралап шықты.

— Біздің ұжым, газет осылайша халық пен биліктің ортасында алтын көпір болып отыр. Жыл сайын екі мәрте өтетін дәстүрлі экспедиция барысында, ауылдық жерлердегі инфрақұрылым, білім беру мекемелерінің жағдайы, жергілікті орындағы кәсіпкерліктің дамуы, денсаулық сақтау саласындағы проблемалардан бөлек, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық құнды-



лықтар төңірегінде көптеген материал дайындалып, басылым бетінде жарияланып келеді. Бұл науқандық шара емес. Шалғайдағы елді мекендердегі халықпен бетпе-бет кездесіп, тұрмыс-тіршілігімен, әл-ауқатымен танысып, тиісті құзырлы мекемелермен бірлесіп, қордаланған мәселелердің шешілуін қадағалап отырамыз, — деді Сәуле Мешітбайқызы.

Ал газеттің бас редакторы Ертай Айғалиұлы «Ұлтмыздың қаймағы мен аймағы орналасқан Алтын бесік ауылымыздың жағдайын күйттейік, жөндейік, соған қал-қадарымызша үлес қосайық» дейді. Жиын барысында Ертай Айғалиұлы ауыл шаруашылығы саласындағы «Бармақ басты, көз қысты» жән ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықтан

бастап, алыс аймақтардағы газет ұжымы және өзі тікелей барып, көзімен көрген біртұрақ мәселені атап-атап айтып берді. Жалпы алғанда еліміз ауылдарының негізгі ортақ мәселесі — жол қатынасы, ауызсу, интернет және жайылым таппылығы, қазақы қой тұқымының кемуі, малдың жемшөбінің қымбаттығы, субсидияның берілу механизмі секілді жиі айтылып келе жатса да әлі шешімін таппай отырған қордалы мәселелер.

— Рас, қордаланған проблемалар, көкөйтесті мәселелер шаш етекпен. Әлбетте, «Бәрі құрып бітті» деп ауызды құрғап шөппен сүртуге болмас. «Мемлекеттік тараптан ауылға, ауыл шаруашылығына қолдаулар ұшан-теңіз. Өркендеп өз қолдары өз ауыздарына жетіп, қаға-

нағы қарқ, сағанағы сарқ болып аста-төк өмір сүрмесе де жақсы тұрмыс кешіп, әлеуметтік жағдайларын түзеп алған ауылдар баршылық. Бірақ ондай ауылдар аз», — деді газет басшысы.

Газет ұжымы «Балалар рухына тағзын — Табиғатыңды аяла», «XXI ғасырдың аулы қандай болмақ?» деген нақты тақырыптар төңірегінде жұмыс жүргізіпті. Ауылдардағы білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылым және энергетика саласындағы қиындықтар да күрделі күйінде қалып отыр. Торғай өңірінен келген өкілдер былғыз апаттан кейінгі елдің жағдайын, мал-жаннның, иен қалып жатқан Торғай даласының құлазыған ауылдарының тағдыры жайлы нақты мәселелерді ортаға салды.

Экспедиция назарына көптен бері шешімі табылмай келе жатқан Алматы облысындағы Кемертоған ауылының мәселелері де ілінген. Онда білім беру, инфрақұрылым және энергетика саласындағы қиындықтар ушыққан. Қорытынды жиында Данияр Қасқарауов, Парламент Мәжілісінің депутаты:

— Облыс, аудан, ауыл әкімдерінен ешқандай нәтиже көрмей отырмыз. Нақты жауап бере алмайды. Ешқандай шешім шығара алмайды. Бұл мәселе былай айтқанда күйіп тұр қазіргі уақытта. Сол себептен енді бұл қашан шешімін табады, қалай шешіледі, әзірге жатқан, саудалын жауабын әлі алған қолпыз. Енді қаникулға да аз уақыт қалды. Барғаннан кейін оны әрі қарай да қарайтын боламыз, — деді.

## ТҰРҒЫНДАР ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ



Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласын маңында орналасқан бірнеше ауыл қарайды. Қалаға қарасты елді мекендердің іргесі кеңіп, қанаты жайылып, тұрғындар саны алға жылжыған жылдармен бірге артып келеді. Соғын сай халықтың өл-ауқатын жақсарту, тұрмысын түзету, тірлікке қолайлы орта қалыптастыруға қатысты шаруалар қатары да ортып, атқарушы биліктің мойнындағы жауапкершілік жүгі де салмақтана түскен.

Болат АБАҒАН

Қазіргі кезде елімізде қолға алынып жатқан, жергілікті жұрттың өздерін басқаратын биліктің тұтқасын ұстайтын жанды өз еріктерімен таңдауы да сол салмақты атқара алатындарға жүктеуге қатысты екені сөзсіз. Осы орайда Талдықорған қаласына қарасты Өтенай және Еркін ауылдарында тұрғындар өз таңдауларын жасап, әкімдерін сайлағанын айта кеткен жөн.

Осыдан біраз бұрын Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес, Талдықорған қаласы бойынша Еркін және Өтенай ауылдық округтері әкімдерін сайлау өтті.

Талдықорған қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділет Рымтаевтың айтуынша, жауапты сайлауға дайындық жұмыстары тұрақты назарда болып, тыңғылдық жүргізілген. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдін төрағалығымен жиналыс өткізіліп, сайлауға байланысты іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілген. Кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстары белгіленген мерзімде, заң талаптарына сай жүзеге асырылып, тыныштық күнінен соңғы сайлау күні екі елді мекеннің халқы өз таңдауларын жасапты.

Әкімдіктен үміткерлерді ұсыну кезінде 9 азаматтың кандидатурасы ұсынылса, оның 6-ы өзін-өзі, 1-і «AMANAT» партиясынан, 2-і Қазақстан халық партиясынан ұсынылады. Осы 9 адамның алтауы үміткер ретінде тіркелсе, олардың үшеуі партиядан (1-і — «AMANAT» партиясынан, 2-і — Қазақстан халық партиясынан), 3-і — өзін-өзі ұсынған кандидаттар.

Ауылдық округтер бойынша айтар болсақ, Еркін ауылдық округі бойынша 3 кандидат тіркелген. Олар: Амир Калиев (Қазақстан халық партиясы), Даурен Торайғыров (өзін-өзі ұсынушы), Канат Рыспеков («AMANAT» партиясы).

Өтенай ауылдық округі бойынша 3 кандидат: Айдын Досымбекұлы (өзін-өзі ұсынушы), Руслан Малтаев (өзін-өзі ұсынушы), Маулен Түрбаев (Қазақстан халық партиясы).

Еркін ауылдық округі бойынша сайлаушылардың саны — 12 197 адам болса,

Өтенай ауылдық округі бойынша сайлаушылардың саны — 12 015 адам.

Талдықорған қаласы бойынша жалпы 64 сайлау учаскесі болса, сайлау күні, осылардың 11 сайлау учаскесінде сайлау өткізілді.

Еркін ауылдық округі бойынша 5 сайлау учаскесі: №11 орта мектеп ғимаратында 2 учасқок, №26 орта мектеп ғимаратында 3 учасқок орналасқан.

Өтенай ауылдық округі бойынша 6 сайлау учаскесі: Өтенай ауылында №21 орта мектеп, Кешкі мектеп, Мәдениет үйі ғимаратында, Енбек ауылында №22 орта мектеп, Мойнақ ауылында №23 орта мектеп, Ынтымақ ауылында №30 орта мектеп (жаналан ашылған учасқок) ғимараттарында орналасқан.

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы толық жасакталып, жалпы 93 адам күнтізбелік жоспарға сәйкес жұмыс атқарды.

Сайлау комиссияларының төрағалары, хатшылары және мүшелерінің қатысуымен 5 рет кездесу, семинарлар өткізілді. Жетісу облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Тимур Даутовтың төрағалығымен өткен семинарда сайлау өткізу заңнамалары түсіндірілді. Сайлау жөнінде тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында қала аумағына (3х6 м) көлемдегі 4 билборд, 17 арнайы орындарға афишалар орналас-тырылды. «Жетісу» телеарнасынан арнайы хабарлама берілді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында, мүгедектер қоғамдық бірлестігі өкілдерімен бірлесіп, бейнеролик түсірілді.

Сайлау күні учаскелердегі сайлау барысын 6 кандидаттың 41 сенімді өкілі, «Дауыс» қоғамдық байқаушылары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жетісу облысы бойынша филиалынан 11 байқаушы, «Жетісу облысының Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінен 10 байқаушы, «Жетісу тәуелсіз байқаушылары» қоғамдық бірлестігінен 10 байқаушы бақылады.

Талдықорған қалалық аумақтық сайлау комиссиясының сайлау қорытындысы бойынша хаттамасына сәйкес, Еркін ауылдық округінің әкімі болып Канат Рыспеков, Өтенай ауылдық округінің әкімі болып Руслан Малтаев сайланды.

Жетісу облысы

## САЯЖАЙЛЫҚТАРҒА сая табылады

Батыс Қазақстан облысында су тасқынының салдарын жою жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Аймақта қарғын судың өлегі наурыз айының аяғында басталған болатын. Ең алдымен, қарғын су Сырым, Қаратөбе, Теректі кейін Бөрлі ауданындағы кейбір ауылдарды алып кеткені есімізде. Бүгінде осы аталған аудандардың бәрінде де судан зардап шеккен тұрғындарға арнап үйлер салынып жатыр.

Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Қарғын судан кейін батыс жұрты өзендерден тасыған судың әлегіне тап болды. Жайық, Шаған өзендері көтеріліп, қала маңындағы саяжайлар түгел суға кетті. 15 мыңға жуық адам эвакуацияланды. Бұлардың ішінен 3 мыңға жуық адам эвакуанттерге орналастырылды. Қазір Батыстағы атқарушы билік осы үйлері суға кеткен саяжай тұрғындарына үй беру мәселесімен белсенді шұғылданып жатыр.

— Су тасқыны басталғалы қала бойынша тұрғындардан 10 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Мұның ішінде 4 мыңға жуық адамның үйі саяжайдағы жалғыз



баспанасы деп танылды. Осының ішінде 3 мыңға жуық азамат жана баспана алады, ал қалған 1 000-ға жуық азаматтың үйін жөндеуге қаржы береміз. Ал жоғарыдағы 10 мың өтініштің ісесі бәрі бірдей толық біртөрттік әлеуметтік көмекті алады. Бүгінде комиссия толық жұмыс істеп жатыр. Қазіргі уақытта 500-ге жуық адамға нақты тұрғын үй беру туралы комиссияның хаттамасы шықты. Біз бірінші кезекте эвакуанттерде тұрып жатқан көпбалалы отбасыларды, жалғызбасты аналарды, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды баспананаман камтып жатырмыз, — деп атап өтті Орал қаласы қала әкімінің орынбасары Азамат Халелов.

Орал қаласы бойынша саяжайлардағы 8 мыңға жуық үй суға кетті. Қазір 4 мыңнан астам үйге бағалау жұмыстары аяқталып, 1 377 адамға мүлкіт бағалау бойынша өтемақы төленген. Үйлері суға кеткен саяжай тұрғындарына жана үйлер беру маусым айының басында басталған болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға тиісті дәрежеде көмек көрсетуін қатаң тапсырған еді.

— Біз екі жұмадан бері тұрғындарға үйлердің кілтін табыстаудамыз. Сіздер, міне алғашқылардың қатарында болып үйдің кілтине қол жеткізіп жатырсыздар.

Біз өз қолымыздан келгенше сіздердің проблемаларыңызды тездетіп шешуге тырысып жатырмыз. Сіздер секілді қанша адам күтіп отыр. Қазір тек сабырмен күту керек. Біз ешкімді далаға қалдырмаймыз. Жана баспаналарыңыз құты болсын! — деп атап өтті тұрғындарға үйдің кілтін табыстаған қала әкімінің орынбасары Жанлос Дүйсенғалиев.

Орал қаласы бойынша 71 саяжай тұрғыны үйлі болып үлгерді. Солардың бірі — көпбалалы Айнаш Сәменова.

— Қамарова саяжайында 2017 жылы үй салып алып, сол жерде тұрып жатыр едік. Өрт пен суда шекара жоқ дейді ғой. Біздің де үйіміз суға кетіп қалып, далаға қалып едік. Қазір міне қаланың қалғанын ортасынан 2 бөлмелі пәтердің кілтін алып, қуанып жатырмыз. Қанша жылдан бері қаладан қашық саяжайда тұрып келеміз, ешқашан қала орталығында тұрамын деп ойламаппын, шындымды айтсам, қатты қуанып тұрмын, — дейді Айнаш Сәменова есімді қала тұрғыны өз қуанышын жасыра алмай.

Ал көпбалалы ана Рита Ералиева екі айдан аса уақыт эвакуациялық пунктте тұрған.

— Бүгінгі күнге дейін эвакуациялық пунктте тұрып келдім. Көпбалалы отбасымыз. Әрине, эвакуантте жағдай жақсы деп айта алмаймыз, тек баратын жер

болмағасын тұрдық қой. Міне, бүгін бұйырып, жана пәтерге көшіп жатырмыз, — дейді Рита Ералиева.

Қазір қала бойынша жеке тұрғын үй секторынан 450 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Бұл жер үйлердің бәрі де су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға беріледі.

Жақында аймақ басшысы осы үйлердің құрылысымен танысты. Атап айтсақ, облыс әкімі Зашаған, Жұлдыз, Сарыарқа, Көкжиек, Деркөл шағынаудандарында салынып жатқан үйлерді аралап көрді.

— Су тасқынынан зардап шеккендерге деп салынып жатқан үйлердің сапасы тікелей Мемлекет басшысының қадағалауында. Біз тұрғын үйлерді барынша сапалы етіп салып, 1 қыркүйекке дейін тапсыруымыз керек, — деп құрылыс компанияларының басшыларымен кездескен облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Айта кетейік, өңірде судан зардап шеккен тұрғындарға үй салу жұмыстарына жергілікті компаниялар тартылған. Қазір осы 450 үйді салу үшін 30 құрылыс компаниясы жұмыс істеп жатыр.

10 жыл бұрын Карақалпақстаннан елге оралған қандастардың бірі — Әлішер Матайұлов. Оның үйі де суға кетіп, өзі күні бүгінгі дейін эвакуантте тұрып келді. Әлішердің үйін комиссия тұраға жарамсыз деп таныған.

— Осы саяжайдан үш жер учаскесін сатып алдым. Үш ұлыма үй саламын деген оймен. Ол жылдары суға кетпейтін еді. Мына үйді былтыр күзде бітіріп едім, көктемде суға кетіп қалды. Бар ақшамды осы үйге салдым, жетпеген жеріне кредит алдым, ол кредитті әлі төлеп жатырмын. Мен су келеді дегенге сенбеген едім. Жыл сайын болатын дүрбелең ғой деп отыра бердім. Қазір студенттер жатақханасында тұрып жатырмын. Ауа жоқ, ыстық. Үйдің құжатын жинау да өте қиын екен, кезек көп, мен өзім үшінші топ мүгедегімін, — дейді саяжай тұрғыны.

Қазіргі уақытта Оралда саяжайларды техникалық тексеру, бағалау жұмыстары жүріп жатыр. Алайда қалада бағалаушы мамандар тапшы. Сондықтан да бағалаушы мамандарды Алматы, Астана, Қарағанды қалаларынан алырған. Сырттан келген 150 маман Орал қаласындағы судан зардап шеккен үйлерді бағалау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Бір өкініштісі, суға кеткен 14 500 саяжайдың 30 пайызы әлі суда тұр. Ал үйлерге техникалық тексеріс жүргізетін мамандар белуардан су көшіп үйлерді аралауға мәжбүр. Олай етпесе тағы болмайды. Судың кеткенін күтіп отырғанда қылышын сүйретіп қыс келетін түрі бар.

Осындай қиындықтардан бөлек, қалада саяжайда үйім бар деп жалған құжат тапсырған алаяқтар, саяжайдағы тек іретасын бұлдап жүрген бәлекорлар да комиссия жұмысына келерді келтіріп отыр. Мамандардың айтуынша, осының бәрін

анықтауға, барып қарауға, тексеруге көп уақыт кетеді екен. Бұл аз десеңіз, қазір Орал қаласында үйдің бағасы «ұшып» тұр. Бұл да сол су тасқынымен байланысты.

— Біз қазір бірінші нарықтағы жана үйлерді беріп жатырмыз. Бірақ бұл үйлер бәрін жетпейді. Біз 3 мыңға жуық адамға үй беруіміз керек. Осының үйді бірінші нарықтан таба алмаймыз. Сондықтан екінші нарықтағы үйлерден де қарап жатырмыз. Бірақ бұл қолдан, жасанды түрде үй бағасын өсіргенін көріп отырмыз. Мысалы, бұрын 15-17 млн тұрған үйлерге қазір 20-22 млн сұрап отыр. Олар үстіндегі ақшаны кейін өзіміз бөліп аламыз ғой деген ұсыныстарын да жасырмай айтып отыр. Біз мұндайға жол бере алмаймыз, сондықтан да шамамыз келгенше тұрғындарға бірінші нарықтағы үйлерден алып беруге тырысамыз, — дейді Орал қаласы әкімінің орынбасары Азамат Халелов.

Себебі судан зардап шеккендерге 22 млн тұратын үйлер алып береді дегенді құлағы шалып қалған азаматтар үйлердің бағасын қолдан өсіріп жіберген. Айтпақшы, осы су тасқынын пайдаланып, өтпей тұрған үйлерін сатып жіберген қулар да бар. «Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы» деген осы шығар.

Батыс Қазақстан облысы

## ТҰРҒЫН ҮЙ – ӨМІР САПАСЫНЫҢ АЙНАСЫ

Бүгінде Шымкент қаласында 2 452 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның 2 106-сы басқару нысанына тіркеуге жататын үйлер қатарына кіреді. Мүлкітнің меншік иелері бірлестіктерінің институтын енгізу жөніндегі реформаны іске асыруда қамтамасыз ету мақсатында бүгінгі күні қала аумағында басқару нысанына тіркелгендер саны — 1 856. Яғни, қала бойынша тіркелген басқару нысандарының саны 88 пайызға жетіп отыр. 157-сі мүлкітнің меншік иелері бірлестіктері болса, 1 699-ы жай сәріктестік ретінде құрылған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Шымкент қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мерлан Керімжанов мәлімдеді.

Назгүл НАЗАРБЕК

Брифингте ҚР ИИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті бекіткен жол карталарына сәйкес кондоминиумды басқару жүйесін таңдау жұмыстары жалғасып, кондоминиум нысандарының жер актісін рәсімдеу мақсатында аудан әкімдіктері тарапынан қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына тұрғындарының атынан, жалпы жиналыстың хаттама негізінде өтініш берілу жұмыстары жүргізілген.

— Бүгінде «Е-Шаңырақ» республикалық ақпараттық жүйесіне көппәтерлі тұрғын үйлердің техникалық паспорттарын енгізу жұмыстары толығымен аяқталды. Заң талаптарына сәйкес, кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объек-

тісін ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ен төмен мөлшері 27,3 теңге болып бекітілді, — деп атап өтті Мерлан Әбдірахманұлы.

Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы жұмысының бір тармағы — мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы бөлімі. Жыл басынан бері басқармаға құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталатындығы туралы 384 хабарлама басқарма реестрінде тіркелген. Оның 35-і бюджеттік болса, қалғаны — жеке қаражат есебінен. Нысандарды пайдалануға қабылдау актілерін салыстырып қарау бойынша түскен 345 өтініштің 108-і оң шешімін тауып отыр. Айта кетейік, биыл 56 құрылыс нысандарына қатысты тексеру тағайындау белгіленген. Тексеруде белгілі болған 35 құрылыс нысандарындағы заңбұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

«Қала аумағындағы заңсыз құрылыстарға қатысты 29 құрылыс нысандары бойынша



79 өкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, өкімшілік жауапкершілікке тартылды. Салынған 12 млн теңге жобасындағы айыппұлдың бүгінде 11 миллионнан астамы өндірілді. Сонымен қатар құрылыс сапасына қатысты заңбұзушылықтар, үлестік қатысу туралы заңнама талаптарын бұзу жөйттері де бар», — дейді басқарма басшысының міндетін атқарушы.

Брифингте Шымкент қаласындағы көпқабатты үйлердегі лифтілердің бүгінгі

жағдайы туралы да айтылды. Қалада жалпы 794 лифт болса, оның 645-і тұрғын үйлерде орнатылған. Денсаулық сақтау мекемелерінде — 55, Білім беру басқармасына қарасты мектептерде — 37 болса, қоғамдық орындарда, сауда орталықтарында және қонақ үйлерде 57 лифті қойылған.

— «Азаматтық қорғау» заң талаптарын орындауды қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан 22 лифтіге комиссиялық сынақтар өткізіліп, 40 лифт тіркеуге қойылды. Бүгінде жүк көтергіш құралдарын тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет ресістрине енгізіліп электронды түрде Egov.kz арқылы жүргізілуде, — дейді Мерлан Керімжанов. Сондай-ақ жүк көтергіш құралдарды пайдаланудағы қызмет көрсетуші мекемелермен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, басқарманың тұрақты бақылауында болғандықтан, тұрғындар тарапынан лифтің пайдалану кезінде лифтіде адам қауып, лифт тоқтап қалу оқиғалары бола қалған жағдайда қызмет көрсетуші мекемелеріне шұғыл әрекет ету бойынша уақытлы тапсырма жолданып отырады.

Басқарманың тағы бір маңызды салаларының бірі — газ техникалық инспекция бөлімінің қызметкерлері және аудан әкімдіктері мен аудандағы төтенше жағдайлар басқармалары, Шымкент қаласының Жастар ресурстық орталығы «Еріктілерінің» қатысуымен қала тұрғындарына тұрақты

түрде газбен байланысты оқыс-оқиғалардың алдын алу және болдырмау мақсатында газды пайдалану техникалық қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша үгіт-насихат түсіндіру жұмыстарын жүргізіліп келеді.

Қала тұрғындары «109» 1-көмек ситуациялық орталығына хабарласып, ВДГО мекемелері бойынша мәлімет алуға және олардың жұмыстарына қатысты сыни ескертпелерді қалдыра алады. Сонымен қатар «КазТрансГазАймақ» АҚ-нің ШӨФ-ның фронт-офисінде келген тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында арнайы өзірленген бейнеролик тартылууда. Газ бақылаушылар арқылы қауіпсіздік туралы жадынамаларды үйме үй тарату жұмыстары жүйеге қойылып, атқарылууда.

Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасында белгіленген, тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелерін және газ жабдығын пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бұзу «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 306-бабы 1-бөлігінде сәйкес, 2024 жылы 83 тұлғаға 297 АЕК көлемінде айыппұл салынған.

Брифингте аталған басқарма басшылығына тілшілер тарапынан бірқатар сауалдар қойылып, тиісті жауап алынды.

Шымкент қаласы



Кувейтте семсерлесуден Азия біріншілігі басталды. Париж Олимпиадасы қарсаңындағы маңызды жарыста Қазақстан қоржыны алғашқы жүлдемен толықты. Шпагамен семсерлесуден Қазақстан командасының ең жас мүшесі Ерлік Сертай құрлық додасының қола жүлдегері атанды. Бұл – отандық семсерлесу спортындағы тарихи көрсеткіштердің бірі. Себебі бұған дейін қазақ балалары мұндай биікке шықпаған.

# Ерлік

## ЕРЛІК

### жасады

Арда КЕМЕЛ

Ерлік Сертай – Париж Олимпиадасына жолдама алған төрт шпагашының бірі. Ол командаластары Эльмир Әлімжанов, Руслан Құрбанов және Вадим Шарлаимовпен бірге төртжылдық додасына лицензия жеңіп алды. Аталған төрттік әлем кубогі кезеңдерінің қорытындысы бойынша жазғы ойындарға қатысу мүмкіндігін иеленді. Бүгінге дейін Ерліктің жүлделері команданың ортақ жеңісімен есептелетін. Ал Кувейтте өтіп жатқан Азия чемпионатында ол алғаш рет ересектер арасындағы ірі жеңісіне қол жеткізді. Алматылық спортшы құрлық біріншілігінде үздік үштікке енген.

«Бұған дейін ірі жарыстарда жеке кейі сында жүлде алып көргем жоқ. Сондықтан бұл медальдың құны алтынмен пара-пар. Анығын айтар болсам, алған медалімнен гөрі осы біріншілікте қалай өнер көрсеткенім өзіме ұнады. Сенімділік пайда болды. Семсерлесуде жарыстар бір күн бойы өтеді. Сондықтан бар күшіңді сарп етпей, үнемдеп жұмсау да аса маңызды. Жарыс өте жоғары деңгейде өткендіктен, психологиялық және эмоционалдық жағынан да оңай болмады», – дейді спортшы.

Жүлдеге барар жолда Сертай іріктеу кезеңіндегі бес кездесуде жеңіске жетіп, турнир кестесінде бесінші орыннан көрінді. 32 үздік спортшының қатарына ену үшін ол ирандық Бейк Бехнамды 15:8 есебімен жеңді. 1/16 финалда Ирак өкілі Аббас Мошинді 15:11, 1/8 финалда қытайлық Ванг Цицзени 15:12 есебімен жарыс жолынан шығарды. Ширек финалда Сертай өзінің командасы, тәжірибелі Эльмир Әлімжановпен кездескен болатын. Ішкі бәсекелестіктің жоғарылығына қарамастан, Ерлік өзінің ең үздік нәтижесін көрсетіп, жартылай финалға өтті. Финал жолдамасына таласта біздің спортшымыз Гонконг өкілі Хо Вай Хангтен 13:15 есебімен жеңіліп, жеке кейі сында қола медаль иеленді.

Семсерлесуден Қазақстан командасының өкілі, мемлекеттік жаттықтырушы Тимур Байтасовтың айтуынша, бұл чемпионатта ешкім де Ерліктен «ерлік» күтпеген.

«Жас спортшы болғандықтан, біз Ерлік Сертайдан емес, басқада тәжірибелі спортшыларымыздан медаль күттік. Бірақ Ерліктен күткен емеспіз. Өйткені ол – командадағы жас спортшылардың бірі. Оның қола медалі біз үшін қуанышты жайт.

Турнир барысында ол командаласы Эльмир Әлімжановты жеңді. Екеуі үнемі жарысқа бірге қатысады, ел

чемпионаттарында, жаттығу жиындарында кездеседі. Сондықтан бірін-бірі жақсы біледі. Ерліктінде деңгейі жоғары екенін ұмытпау керек.

Ал Азия чемпионаты спортшылардың рейтингі үшін өте маңызды. Олимпиада жеребесі рейтингке байланысты тартылады. Сондықтан рейтингте жоғары ұпай жинап, мейлінше жоғары орналасу әрбір спортшы үшін маңызды. Медальдан әлі үміттіміз. Рапира мен саблядан сынға түсетін қыз-жігіттеріміз бар», – деді Т.Байтасов.

Қазір шпагашылар командалық жарыста сынға түсуге дайындалуда. Коман-

далық сында Ерлік Сертай бастаған төрттік Азия ойындарының финалына дейін жетіп, күміс медальды ел қоржынына салған болатын.



### АЗИЯ БІРІНШІЛІГІНДЕ ҚАЗАҚСТАН НАМЫСЫН ТӨМЕНДЕГІ СПОРТШЫЛАР ҚОРҒАУДА:

**Шпага, әйелдер:**  
Софья Николайчук, Виктория Қайдарова, Владислава Андреева, Наталья Зинякова;

**Шпага, ерлер:**  
Руслан Құрбанов, Эльмир Әлімжанов, Вадим Шарлаимов, Ерлік Сертай;

**Сабля, әйелдер:**  
Айгерім Сарыбай, Карина Доспай, Анастасия Гулик, Жасмин Капыджы;

**Сабля, ерлер:**  
Артем Саркасян, Саттархан Назарбай, Жанат Нәбиев, Бәкдәулет Құралбекұлы;

**Рапира, әйелдер:**  
София Ақтаева, Құлжан Түсіпбекова, Алена Гноева, Алина Ескендірова;

**Рапира, ерлер:**  
Ғалым Нұрғалиев, Темірлан Қалиев, Тимофей Семенов, Никита Пономарев.

## Досбол – грек-рим күресінен жүлдегер



Күрес түрлерінен Иорданияның астанасы Амман қаласында өтіп жатқан 17 және 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Азия чемпионатында қазақстандық балуан Шәміл Досбол жеңіс тұғырынан көрінді.

Ұлттық олимпиадалық комитет атап өткендей, грек-рим күресінен 60 келі салмақта ел намысын қорғаған ол екі дүркін Азия чемпионы болды. Шәміл Досбол 17 жасқа дейінгі спортшылармен белдесіп, Қытай мен Үндістан балуандарын жеңіп, финалда Өзбекстанның өкілімен тең түсті. Алайда соңғы нәтижелі әдісті жасаған-

дыктан жеңіс қазақ спортшысына берілді.

Одан басқа, 92 келідегі Әділет Тойшы күміс медальды иеленсе, Нұрдаулет Құмарұлы (45 келі) мен Едіге Төлеутаев (51 келі) қола жүлдеге ие болды. Алматы Кебіспаев жаттықтыратын грек-рим күресінен U-17 құрамасы жалпыкомандалық есепте 3-орын иеленді.



## Садақ атудан тарихи жетістік

Қазақстандық сұрмергендер алғаш рет әлем кубогында топ жарды. Садақ ату бойынша дүниежүзілік долада Түркияның Анталья қаласында өтіп жатыр.

Ұлттық құрама спортшылары блоктық сайыншы аралас жұптық бәсекесінде ең үздік нәтиже тіркеді. Бұл сында ел намысын Андрей Тютюн мен Адель Жексенбинова қорғаған болатын. Олар әлем чемпионатына келген 24 команданың арасынан суырылып алға шықты. Ақтық сында Ұлыбритания командасымен жолығып, бас жүлдені сарапқа салған. Қазақстандық дуэт 158:155 есебімен жеңіске жетті. Осылай алтын Қазақстан, күміс Ұлыбритания, ал қола Италия спортшыларына бұйырды. Айта кетейік, Тютюн мен Жексенбинова жұбы

бірер күн бұрын ғана Оңтүстік Кореяда өткен Азия кубогы кезеңінде де сәтті өнер көрсетіп, қола жүлдеге қол жеткізген болатын. Ол да құрлықтық деңгейдегі алғашқы ірі жеңісіміз саналады.

– Бүгін Антальяда әлемдік аламанның жеңіс тұғырына көк Туымызды көтердік. Өте қуаныштымын. Бұл осы уақытқа дейін төккен теріміздің жемісі деп есептеймін. Биыл екінші рет айтулы долада жүлдеге ілігіп отырымыз және ары қарай да осы жеңіс жолын жалғастыруға тырысамыз, – деді жарыс жеңімпазы Адель Жексенбинова.

## Олимпиада жолдамасын иеленді

Бұған дейін жазғы Олимпиялық ойындарға лицензияны жеңіп алған Қазақстан құрамасының дзюдошысы 63 келі салмақтағы Есмигүл Куялова жекелей сында күресетін болады. Мұндай шешімді халықаралық дзюдо федерациясы қабылдады.

Есмигүл Куялова аты аталған ұйымның қосымша жолдамасына ие болды. Туризм және спорт министрлігінің мәліметіне қарағанда, еліміз құрамасынан жекелей сын бойынша тоғыз дзюдошы жарысқа қатысады. Осыған дейін Есмигүл Куялова аралас командалық жарыста қатысатын болған.

Ерлерден Олимпиадада Қазақстан құрамасынан бес дзюдошы белдеседі. Атап айтқанда, Елдос Сметов (60 келі), Ғұсман Қырғызбаев

(66 келі), Данияр Шамшаев (73 келі), Абылайхан Жұбаназар (81 келі), Нұрлыхан Шархан (-100 келі) белдеседі. Ал әйелдер құрамасынан Абиба Әбубақырова (-48 келі), Есмигүл Куялова (63 келі), Кәмила Берлікаш (+78 келі) татамиге шығады.

Олимпиялық ойындар 26 шілде мен 11 тамыз аралығында болады. Соның ішінде дзюдо бәсекесі ойындар салтанатты түрде ашылған күні басталса, 3 тамызда финалдық жекпе-жектері болады.

NUR MEDIA  
МЕДИАКОМПАНИ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботағоз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Еддәр ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТАШЛАР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алматы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БОЛІМІ:  
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМІ:  
8(717) 884-61-32  
podpiska.at@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырма №4464  
Астана қ. «Медиа-холдинг» ЖШС  
Сілепті көшесі 30,  
т.а.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әділқұлов көшесі 22,  
т.а.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.